

Жаңармаған Отаным



ЖАҢАРМАҒАН ОТАНЫМ

Алматы
2024

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5
Ж 28

Ж28 Жаңармаған Отаным / Құрастырушы **Ғ.Х. Өженова:**
– Алматы: LEM, 2024. – 108 б.

ISBN 978-601-239-793-2

Сіздердің назарларыңызға шағын поэзия жинағын ұсынамыз. Кітаптың авторлары – атақты ақындар мен әзірше бұқараға есімдері белгісіз, поэзиядағы қадамдарын жаңа бастаған жастар, сонымен қатар журналистер мен еліміз – Қазақстан Республикасының – азаматтары. Бұл туынды – поэзияның қыр-сырын меңгерген, ақындардың сөзін ерекше бағалайтын эстет үшін жазылған дүние емес. «ҚандыҚаңтар» күндері баласын, бауырын, әкесін, анасын, жақынын жоғалтқанын, осы трагедиялық жағдайдың салдары – жүрегіне жазылмайтын жара қалдырғанын баяндап, жан айқайын, күйзелісін поэзия сөзі арқылы авторлар – қатардағы адамдар – жеткізуде. Олар Елінің болашағына алаңдаулы.

Вниманию читателей представлен поэтический сборник авторов, в числе которых известные читателю имена и вовсе неизвестные, начинающие поэты, а также журналисты и обычные граждане нашей страны – Республики Казахстан, которые не будучи акынами, оставили свои поэтические отзывы на трагедию 2022 года, названную Қанды Қаңтар. Эта книга – не классический поэтический сборник для эстетов – любителей высокого слога, а отклик сердца каждого из авторов, личные волнения от пережитого и надежда на выход на светлую сторону жизни.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-239-793-2

© Өженова Ғ.Х., 2024

Алғы сөз

ҚандыҚаңтар... Қазақты жаншып өткен 2022 жылдың «ҚандыҚаңтары» бұдан әрі тұрақты тіркес, жадымызда мәңгі жатталып, тарихқа енді.

Аспанда Айға атылумен,
Атқа қонып, ақырумен,
«Аруақ!» ұран шақырумен,
Қанды көбік қақырумен;
Қара батпан зілін тастап,
Қара зілдей мұңын тастап,
Қарауытып Қаңтар өтті.

(Р.Қосбармақ. ҚАЗАҚ МАРСЕЛЬЕЗАСЫ)

Өтпеді-ау, қайғы-қасіретке толы ұлттық трагедия – 1986 жылдың Желтоқсанын, 2011 жылдың Жаңаөзенін еріксіз еске салып жүрегіміздегі жазылмаған жараны, ақын Р.Қосбармақтың сөзімен «қара пышақ қайрағандар» тіліп, «турап- турап, жапырақтап, ет терісін сыпырғандар», қан қақсатты.

Қай заманда да, жүздеген, мыңдаған жылдар бұрын, адамның санасы оянып, ақ-қараны ажырата алған кезден адам әділет пен заңдылықтың салтанат құруын аңсады. Ол туралы жырлады, «Дат, тақсыр!» деп биліктен талап етті де.

Хан мен сұлтандарға қаратып сөз сөйлеу, өкпе білдіру, кінә артып, талап қою – әдеттегі қадам болғаны - беделді би, ақиық ақын, адуынды батырлардың жырынан белгілі.

Өз заманының шешені болған Асан Қайғы (XV ғасыр), Жиёмбет жырау (XVII ғасыр), Бұқар жырау (XVII–XVIII ғғ.), Махамбет (XIX ғасыр), өзге де атақты би- жыраулар ара-тұра билікке қаратып ақыруға да мәжбүр болған.

«Жаңармаған Отаным» жинағына енгізілген шығармалар Жаратқанның қаһары, Уақыт соты, Келешек соты, Ұлы соты – нақты төреші болатынына және қашан да болсын Қазақтың жарқын келешегіне үмітпен қарайтынын көрсетеді.

- Шыққан жоқ жұрт алаңға тасынғаннан,
Жарасы шықты алаңға ашылғаннан.
Жемқорлық, қымбатшылық меңдеген соң,
Бүкіл ел көтерілді ашынғаннан!

(А.Калмағамбетов. КӨК БАЙРАҚ)

- Айкөркемдер қанын қазақ кешпейді,
Құл-құтаңдар ұлт жағына көшпейді.
2022 жылғы Қанды Қаңтар қырғыны
Қазақ барда ұлт жадынан өшпейді!
(*Жұмаш Кенебай Көкбөрі*)
- Білмеймін елім қайта жаңғыра ма
Әзәзіл мен, бой бермей, даңғыраға?
Жауыздықты жер жұтар жыл болса екен!
Есіңді жи, Қазағым, абдырама!
(*Б.Мұқанәліұлы. ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІ*)

Поэзия жинағына танымал ақындардың және жастардың шығармалары, оқ бораған Қаңтардың күндерінде қайғы шеккен азаматтар мен азаматшалардың өлеңдері енді.

«Дат!», «Айтылмаса, сөздің атасы өледі», «Тыңдалмаса, сөз – жетім», ескіліктен жеткен бабалар өсиеті – Сөзді тақта отырған патша да, жаяу жүрген Мұса да айтуға құқылы екені қалың жұртқа мәлім еді.

Саналы да ойшыл отандастарымыз бұл шағын поэзия жинағын – сөз бостандығына қосқан үлес деп қабылдаса керек.

«ҚандыҚантар» – «КровавыйЯнварь». Он не закончился январем 2022 года. Сотни убитых и раненых в мирное время, влияние этих дней на судьбы тысяч людей настолько велико, что поэты и обычные граждане отзываются и будут, видимо, отзываться поэтическим слогом еще долгие годы, как о Желтоксане 1986-го и Жанаозене 2011-го.

Во все времена, и сотни, и тысячи лет назад люди жаждали справедливости и торжества закона.

«Дат, таксыр!» - «Прошу слова!» - этим упреждающим гнев трона заклинанием начинали авторы свое обращение к властьпредержащим. Полная страсти и гнева речь перед ханами, султанами и биями упрекала и обвиняла власть в равнодушии к нуждам и чаяниям народа, коррупции среди приближенных к власти людей.

Поэтический сборник «Жаңармаған Отаным» представляет произведения как известных и отмеченных признанием читателя поэтов, так и обычных граждан, переживших прямо или косвенно Канды Кантар. Редакционная коллегия издания имела своей целью дать возможность всем откликнувшимся авторам осуществить одно из своих фундаментальных прав – право на свободу слова и творчества, закрепленное в главном документе страны – Конституции Республики Казахстан.

Ғалия Әженова

Айбек Қалмағанбетов

Азаттық

Бойымдағы жойған соң қазақтықты,
Көрінгендер елімді мазақ қыпты.
Біз бәрібір аламыз еркіндікті,
Біз бәрібір аламыз азаттықты!

Рухы өр халықпыз, өзі дарын,
Жетпіс түрлі өнерлі, сөзі жалын.
Білмейді ғой басқалар бұл халықтың,
Өңменіңнен өтетін көзі барын.

Өркім сүйреп өтеді өз күймесін,
Ақиқатты айтамын сөз тигесін.
Бірімізге біріміз жау болмайық,
Бірлігіне қазақтың көз тимесін.

Отты көрдім, жастарды жалындаған,
Ерік көрдім, ешкімге бағынбаған.
Қайран қазақ жастары арандады-ау,
Топ бастайтын көшбасшы табылмаған.

28.01.2022

Көк байрақ

Шыққан жоқ жұрт алаңға тасынғаннан,
Жарасы шықты алаңға ашылғаннан.
Жемқорлық, қымбатшылық меңдеген соң,
Бүкіл ел көтерілді ашынғаннан!

Халықтан ашу-ыза жарып шықты,
Басар тау қалмаған соң барып шықты.
Батырлар көк түтіннің ортасынан,
Құлатпай көк байрақты алып шықты!

Дұшпанның ойлағаны өтпей қапты,
Құлатпай алып шықты көк байрақты.
Көк байрақ желбіреген қолындағы,
Қазақтың асқақ рухын көкке ойнатты!

Батырлар аман болсын ел қорғайтын,
Туған жер, Отан ана, жер қорғайтын.
Қолында көк байрағы желбіреген,
Қазағым қадам басты таңдарға айқын!

02.02.2022

Оқ

Бірте-бірте тұла бойдан әл тайып,
Мына заман келе жатыр, қартайып.
Енді бізге потолокке түкіріп,
Босқа жатқан жарамайды, шалқайып.

Ата-анам бақша салып, жер емді,
Туған жерін – Отан-ана дегенді.
Мен де солай туған жерге дән егіп,
Жақсы көрдім жерден жеміс жегенді.

Өгей ме едім, өзегімнен тебердей,
Қорғасыннан басқа Отан не берді-ей?!
Біз не жаздық, қуып жүріп, атқандай?
Біз не жаздық, автомат оқ себердей!

Табиғаттың тылсым тілін меңгерген,
Халық едік ақиқатқа төр берген.
Басқа қандай амал қалды сәбиде,
Жазатайым оққа ұшып өлгеннен!

Атылған оқ қарамайды жағдайға,
Мынау кәрі, мынау жас деп таңдай ма?!
Террорист боп жаралған ба құрсақтан,
Террорист деп жазылған ба маңдайға?

19.01.2022

Жалғыз ұл

Жерледі ата-анасы жалғыз ұлын,
Жалғыз ұл, өмірдегі бар қызығын.
Өкенің қабырғасы сөгіліп тұр,
Ананың көзден жасы төгіліп тұр,
Естіген сайын зарлы байғыз үнін.

Жалғыз ұл оққа ұшты мынау елде,
Қыс емес, жүректері қырау елде.
Азаптау, ине тығу, үтік басу,
Тыйылар күні бар ма жылау елде.

Кедейлер күн кешеді болып арық,
Жемқорлар етін жейді жонып алып.
Шыбықтай желкендеген жалғыз ұлдың,
Кім атты маңдайынан қолы барып.

Жас еді жалғыз ұлы жалындаған,
Аузынан ана сүті арылмаған.
Қапысыз қарауылға ілінді ғой,
Алаңсыз албырт көңіл арындаған.

Мұндайда жүрек бар ма шаншымаған,
Тас жүрек қатып қалған жан шыдаған.
Хатымды болашаққа жазып тұрмын,
Қанымен жалғыз ұлдың тамшылаған!

27.02.2022

Солдаттарға

Жалған боп бәрімізден қалар өмір,
Боларсың өлгеннен соң қара көмір.
Көзге жас үйіреді кір шалмаған,
Тап-таза ойнақтаған бала көңіл!

Демендер: «Біз бұйрықты орындадық»,
Алланың жүрген жоқсың жолында анық!
Болмасаң сонша жауыз қалай аттың,
Ойнаған бүрдіршінді қолың барып!?

Жазады қара әріппен атыңды Алла!
Тозақта шыжғырғанда, бақылдама.
Бейкүнә періштені мына өмірден,
Зорлықпен айыруға қаһың бар ма?!

21.03.2022

Ұлы сот

Қара қаңтар елімді отқа орады,
Қанды қырғын бір күнде тоқтамады.
Ақордаға көк байрақ тігілген күн,
Ұлы дала төсінде сот болады!

Күлім қағып тосады таңдар алдан,
Парақор сот болмайды жалдап алған.
Шығарады үкімін халық өзі,
Қылмыскерге қолдарын қанға малған!

Сот болады, болашақ асықпаңдар,
Әлі де атар ұрпаққа ашық таңдар.
Көзден аққан әр тамшы сұралады,
Сұралады төгілген қасық қандар!

Қанішерлер тізерлеп тұрады әлі,
Әрбір аққан қасық қан сұралады.
Тайға таңба басқандай айғақтармен,
Дәлелдерден Ұлы Сот құралады!

Басқармайды ол сотты арам еттер,
Ашық сотта болмайды жала, кектер.
Қылмысқа сай жазасын арқалайды,
Қанішерлер, қарақшы, қарабеттер!

Ұлы Соттан ешкімде қаша алмайды,
Сот болмаса әділдік жасалмайды.
Бар қоқыстан тазарып Қазақ елі,
Бейбітшілік елімде жасар мәңгі!

21.03.2022

Атырау қаласы

Арман Курмангалиев

Мой қаңтар

Утро январское, постновогоднее,
Нет интернета и телеканалов.
Серо и слякотно... Только народные
Митинги были. Узнал запоздало я.

Позже – стрельба, толпы бородатые.
Те, в чьих глазах притаилось безумие,
Грабят и жгут... Мы то в чем виноватые,
Пьяные с трезвыми, глупые с умными?

Воры какие-то, ругань на площади,
Делось куда-то начальство с погонами,
Ранее смело каравшее ропщущих
Штрафом, арестом, дурными законами.

Город в неведении, словно блокадный.
Машины горят, где-то кто-то стреляет.
Кто же шутник этот незаурядный,
Нам учинивший «веселье»? Не знаю...

Дети сидят в моей темной квартире,
Хлеба не знаю, где им покупать...
А по ТВ все вещают правдиво,
Что трупы из морга сумели бежать.

Дальше, когда уж гроза миновала –
Чужие знамена стоят в блокпостах.
Назначить виновных нам нужно сначала.
Пропавших своих зря ты ищешь, казах.

Следы утюга зарастают на мясе,
Да вот из души их навряд ли убрать.
Стремящимся к правде и общему счастью,
Где принято рёбра дубинкой ломать?!

Нам чёрные камни стоят в назиданье:
«На власть не ропщи, правдолюб и смутьян!»
Средь них еле слышно чьё-то рыданье
И голос Қөркем: «Қай аға мені атқан?»...

Город Алматы

Венера Жанбаева

* * *

Қымбатшылық, жоқшылық
Қысып қазақ халқымды
Солғын тартып жанарды,
Қаңтар айы басталды.
«Газ-50» -деп ұрандап,
Жастар шығып алаңға,
Ел қамы үшін бірігіп,
Әділетсіз билікке
Қарсы талап қойылды.
Бойларында рухы бар,
Қайтпас қайсар духы бар,
Бейбіт түрде жиналып
Күтті, билік шығар деп.
Неше күңге созылған
Әділетті жиынға
Ешкім де үн қатпады.
Билік қорқып халықтан
Жасақтарын дайындап
Қаруларын кезеніп,
Оқталып тұр атуға.
Кенеттен бір белгісіз,
Топты жарып ортаға,
Халыққа қарай осқынып,
Дикий Арман бастаған,
Провакатор қостаған,
Берекесін елдің қашырған
Жынды, сүрей, нақұрыс
Қарсы күштер табылды.
Мародёрствоға жол бастап,
Шатастырып, бұрмалап,

Шырқын бұзып халықтың,
Атыс шабыс басталды.
Кенет тиген оқтарға
Қаншама жазықсыз жандар
Бақиға жатты аттанып.
Артынша біріккен басшылық
ОДКБ-ден әскер алдыртып,
Ланкеспен шатыстырып
Бұйрық берді атуға.
Қанын судай ағызды,
Жаралы қалған жастарды
Үтіктеп күйдіріп, тепкілеп
Бәлен жылға соттады.
Бұл ісі аз болғандай
Өлгендерді мазалап,
Қабірлерін қаздыртып,
Экзгумация жасатып,
Террорист деп жазалап,
Жалған айып тағады...
Алаңда аяусыз атылған
Жүректеріміз жаралы.
Ұмытпаймыз, кешпейміз
Халықтың қарғысын алады...

Астана қаласы

Мерхат Шәріпжан

Қаңды Қаңтар

Бояды алаңды билік қызыл қанға
Қазағымды қазақ қырған күн болған ба?
Аямай, мылтығынан бұрқыратып,
Қантарды айналдырды Желтоқсанға

Озып кетті қырық күн де, зымырап,
Құранымды қыршындарға бағыштап,
«Әр қазағым – жалғызым» – деп еді әкем,
Еңіреп отырмын ғой енді жылап

Қазағымды қырғандар қазағым ба?
Бұған жауап іздеу енді азабым ба?
Көк байрақты көтерген қазағымның
Қанша қыршын кеткені көз алдымда.

Қазақты нысана еткен мергендер де,
«Ат, өлтір ескертусіз!» дегендер де
Алашымнан, ар-ұятынан айырылып,
Жаратқаның өзінен безгендер ме?

Қантардын құрбандары естен кетпес,
Жүрегім қан төккенді еш кешірімес,
Жетім қалған қаракөздің жан айқайы
Ешкімді еш уақытта жәй жібермес.

*Прага
15 ақпан 2022*

Сорок дней

Январским вечером
На площади заснеженной
Стрелял в меня,
Ощерившись, в упор,
Приказ «Стрелять!»
Приняв самоотверженно,
В военной форме
Обозлённый вор.

Свинцовый свист
Изрыгивал Калашников,
Послушно жал
Мальчишка на курок,
Уничтожая
Кузова, багажники
Машин пылающих
У городских дорог.

Меня убил
Юнец в защитной форме,
Блестела
Верноподданность в глазах
Отравой лжи
И ненависти вскормлен
Убил меня
Сородич мой – казах.

Отец говаривал
В былые дни, когда-то
Когда я глупым был
И молодым
«Любой казах

Для каждого казаха
Единственным является
Родным».

Я сорок дней
Не мог найти ответа,
Слезами смешивая
Суру и аят:
Как мог степняк
Нарушить все заветы?
Как сын Алаша
Смог в меня стрелять?

Сороковины –
Веха не простая
Молитвой
Убиваю боль и страх
Стреляли не казахи,
Волчья стая,
Приказ стрелять
Дал вовсе не казах.

Казахами
Останутся другие,
Зарокам верные
Дедовским, былым,
Чьи крики с кровью
Пробивали линии:
«Қазақпын,
Әр қазағым – жалғызым!»

*13 февраля 2022
город Прага*

Рахат Қосбармақ

Қазақ Марсельезасы

Аспанда Айға атылумен,
Атқа қонып, ақырумен,
«Аруақ!» ұран шақырумен,
Қанды көбік қақырумен;
Қара батпан зілін тастап,
Қара зілдей мұңын тастап,
Қарауытып Қаңтар өтті.

Аз үмітпен амалдаумен,
Алғы күнге алаңдаумен,
Аярларға арандаумен,
Анық жолды таба алмаумен;
Басымызды жарға ұрумен,
Бағыт іздеп қаңғырумен
Алабұртып Ақпан жетті.
Ертеңгі күн не болады?

Елге кімдер кеп алады?
Кімнен кімдер кек алады?
Кімдерді кім жеңе алады?
Соның бірін біле алмастан,
Сорың қайнап, күле алмастан,
Сорлы халқым, сен отырсың.

Өз тағдырың – өз қолыңда,
Өз жүгің де – өз қомыңда,
Бабаң айтқан сөзді орында –
Алтын тұрып, жезге ұрынба!
Бақытты ешкім әпермейді,

Басыңа құт әкелмейді,
Таңда өзіңнің тағдырыңды,
Дара соқпақ – даңғылыңды,
Жолайрыққа кеп отырсың.

Ашына боп сайтан да оған,
Ардан аттап, тайтаңдаған,
Ақиқатты айта алмаған,
Қандықолға қайқаңдаған
Жазушылар жақ ашпайды, ә?!
Жантықтардан жоқ еш пайда,
Жалдаптарға ерме, Қазақ!

Ауызыңа құлып салған,
Бұйқыт елге бүлік салған,
Шыбындай қып қырып салған,
Шырылдатып қырық шалған;
Айуандықпен азаптаған,
Арыңды төгіп, мазақтаған
Бұл билікке сенбе, Қазақ!

Арсызды олар «абыз» дейді,
Азаттықты «аңыз» дейді,
Алаяқтан ауыз күйді,
Арманыңды жауыз қиды;
Алданба енді, арда Қазақ!
Ақ туды отқа салма, Қазақ!
Тізерлеме, тірес, кәні!

Арға шаппай – Ерлік те жоқ,
Азаттықсыз – Елдік те жоқ,
Құртпай жауды – «Жеңдік» те жоқ,
Құрбандықсыз – Теңдік те жоқ!
Белбеу кетсе, бел кетсе де,

Енді ешқашан еңбектеме!
Сенің жолың – күрес жолы!

Біздің халық қортық емес,
Шобыр, шолақ, шортық емес,
Таңқы сана, тантық емес,
Жабы мінез, жантық емес,
Біз ешкімнен кем емеспіз,
Бізден ешкім артық емес!
Алауызға алдырмайтын,
Қапас торда қалдырмайтын
Бізге мықты Бірлік керек!

Ұранды елге қол бастайтын,
Ұрпағына жол бастайтын,
Қаһармандар керек бізге,
Қайсарлығын шарға ұстайтын.
Бізге ешкім де ерек емес,
«Білгіш» біткен өрелі емес,
Жәдігөйлер керек емес,
Жағымпаздық өлеңі емес,
Шырағы өшпес Шындық керек!

Көп «Құдай» боп көк аспанға,
Көсемдікке таласқанға,
Шешенсініп, жол ашқанға,
Қоғам құрып, қор ашқанға,
Арсыздарға алданбаңдар!
Сардар іздеп, сандалмаңдар!
Өзіңе өзің сен, Қазағым!
«Көп түкірсе – көл болады»,
Көл тасыса – сел болады,
Көп біріксе – Ел болады,
Көндікпесе – Ер болады;

Қорқау билік мықты да емес,
Қан майданға шықтың – егес!
Қорқынышты жең, Қазағым!

Не осы жолы зор боласың,
Не болмаса, қор боласың,
Не мәңгілік бор боласың,
Не айықпас сор боласың,
Не мәңгілік бар боласың,
Не қаласаң – сол боласың!
Енді өлместей тіріле алсаң,
Ел сияқты біріге алсаң –
Тарих көшін тарта аласың.

Не осы жолы ер боласың,
Не осы жолы жер боласың,
Не мәңгілік кем боласың,
Не Мәңгілік Ел боласың!
Өзге жұртпен тең боласың,
Өлмес Халық сен боласың!
Ақырғы сәт, ақтық майдан!
Алау отты жақтық, майдан!
Алға, Қазақ, Алты Алашым!

2022 жыл, 1 ақпан, сейсенбі

Әй, айуандар!..

*Қанды Қаңтардың қаһарлы күндерінде
Талдықорғандағы Н.Назарбаевтың ескерткішін өз
көлігімен тартып құлатқан батыр ұлан Азамат
Батырбаевқа және басқа да жауыз жендеттердің
қолынан жазықсыз азапталып жатқан жүздеген
жандарға арнадым бұл жырды*

Қанішерлер қазағымды
Шырылдатып топқа салған.
Қатын, бала-шағасын да
Шырқыратып отқа салған.

Халқын қырып, қарғыс алған
Қандыбалақ қарақшылар.
Ашық күнде жаудай тиіп,
Арандатқан арабшылар.

Бейкүнәні кінәлі қып,
Аңша аулаған адамдарды.
Қарусыз ел қанға бөгіп,
Қанмен жуған алаңдарды.

Жауқазындай жастарымның
Жан-жүрегін жаншығандар.
Адал қанын судай шашып,
Арам қолын малшығандар.

Айдың-күннің аманында
Семсерді іліп ер қасына;
Қырандарды қылмыскер қып,
Дүбір жиған дөң басына;

Бұқараны бұзық көріп,
Бұлт төндірген ел басына.
Қасқыр екеш қасқырың да
Қас қылмаушы еді жолдасына.

Қан тіленіп, қараны аңсап,
Қара пышақ қайрағандар.
Ордалы елді шапқа түртіп,
Отпен өзі ойнағандар.

Тарыдай ми жоқ басында,
Тапсырма алса, жөңкілгендер.
Шолақ ақыл, шойнақ мимен
Саналары мертілгендер.

Құдай сүйер қылығы жоқ,
Рахымнан қалыссыңдар.
Ұят деген ұғымы жоқ,
Найсап кілең, намыссыздар!

Адам көрсе, ала ұмтылып,
Айуандай аласұрған.
Аналардың қарғысы атып,
Арулардың наласы ұрған.

Өз жұртына жау боп тиіп,
Өз отына сарығандар.
Жау қолына жалдап болып,
Жат сыйына жарығандар.

Өз шырағын өзі өшіріп,
Өз анасын өлтіргендер.
Өз бауырының өтін алып,
Өзге туды төрге ілгендер.

Тозақ жасап, «Толтырам» деп,
Түрмелерін сайлағандар.
Жазықсызға жала жауып,
Абақтыға айдағандар.

Арыстарды қан құстырып,
Азаптаумен қинағандар.
Қанға тоймай, қанасы ісіп,
Қара жерге сыймағандар.

Азаматтың арын таптап,
Алтын басын идіргендер.
Өне бойын шоққа қарып,
Темір басып, күйдіргендер.

Турап-турап, жапырақтап,
Ет-терісін сыпырғандар.
Тірі адамды отқа қақтап,
Қызық көріп, құтырғандар.

Қабырғасын қақыратып,
Омыртқасын опырғандар.
Қорғансызға қорлық беріп,
Құдірет боп отырғандар.

Намысты ерді нар шөктіріп,
Найза ұшына ілдіргендер.
Басын жарып, бауырды езіп,
Бүйрегін де бүлдіргендер.

Қол-аяғын мүгедек қып,
Қолқасын да суырғандар.
Шыбын жанын шырқыратып,
Қуырдақ қып қуырғандар.

Қос өкпесін қолмен сығып,
Тұншықтырып, буындырған.
Өлгенше ұрып, өлімші қып,
Өз қанына жуындырған.

Табанынан сыз өткізіп,
Тамағынан мұз өткізіп;
Желкесінен жебе атқызған,
Жендеттерге күзеткізіп.

Тырнағының көбесіне
Тығып ине қорлағандар.
Ешбір қызық көрмессіңдер
Екі дүниеде, оңбағандар!

Қырандардың қыл түбінен
Қанаттарын қайырғандар.
Өрендерді өртке тастап,
Өткір жүзін майырғандар.

Адамдарды азаптаудан
Ләззат алып, тойынғандар.
Жалдамалы, жауыз билік
Жайлауына жайылғандар.

Отбасыны Отан қорғар
Тірегінен айырғандар.
Адам жегіш айуандар,
Аңнан қандай айырмаң бар?!

Ібілістей жын жайлаған,
Ірің суын ішкен мұндар.
Мейірімсіз Мефистофель
Құрсауына түскен құлдар.

Сайтан ұя салып жүрек,
Малғұн миын улағандар.
Адамзаттан жаралмаған,
Анадан да тумағандар!

Ей, жауыздар, есінді жи!
Енді тынбас мына халық.
Сотсыз атса – обалың жоқ,
Соңдарыңнан шырақ алып.

Жалғандықтың жанын алып,
Шындық жүзін жарқыратар.
Халық соты – тарих соты
Қай-қайсын да қалтыратар.

Тамшы қанның сұрауы бар,
Көздің жасын көрер Құдай.
Жауыз жеңдет, жаналғыштар,
Жазаңды да берер Құдай!

Ел киесі жібермейді,
Зар илеумен жағы талған.
Қарғыс болып атар әлі
Қасиетті қаны тамған!

*2022 жыл, 2 ақпан, сәрсенбі
Ақтау қаласы.*

Дина Алдабергенова

Остановите планету, пожалуйста!

И стыдно верить, и страшно слушать,
И невозможно никак принять
Тот беспредел, что посмел нарушить
Всю лицемерную мирную гладь.

Приоткрывая завесу зверства,
Являют истинное положение:
Когда в голове – вакантное место,
Вполне предсказуемо наполнение.

Потеряны ориентиры,
Утрачена напрочь совесть,
Приказом типа «Мочить в сортире!»
Гонор погон заменил их гордость.

На мушке прицела – невинные жизни
Мирных и незащищённых граждан.
Так что пришло теперь время тризны...
И знаем: так было уже не однажды.

Память сотрёт многосложность судеб,
Вставит историк свои ремарки.
Но тот, кто под пыткой был, не забудет
Уроков зимы и застенков жандармских.

Слёзы и скорбь комом в горле встали,
Стыд за правителей, страх за народ.
Как мы стыдиться – бояться устали!
Как уже нужно движение вперёд.

Средневековые ценности власти
В век цифровых технологий – беда.
Куда ты, планета родная, пятишься?
Порою кажется, – в никуда!

Стой, оглянись, помолчи и задумайся,
Что станет с «завтра» после «вчера»?
Замысел – вовсе порою не умысел.
Сможем исправить?
Я знаю: пора!

12.02.2022

Злой стих

Ампутировали волю
И кастрировали совесть.
Изнасиловали болью
Доблесть.
Искалеченные души
Поместили в злые клетки.
И не видно, что снаружи –
Метки.
Здесь – «на мясо», что для пушек,
Там – «на уши» для лапши,
Эти – вовсе и без ушек.
Вши.
Чуть подальше – «подпевалы»,
В середине – «мракобесы».
А под боком, их немало, –
«Бесы».
Выжигает понимание
Слеповиденья огонь.

Мрак и тусклый свет незнания.
Хтонь...
Изуродованы лица
Человеконелюбовью
И желанием напиться
Кровью...
Смерть. Насилие. Жестокость.
Страхи. Ложь. Слепая вера.
Нищета и душ убогость.
Серость.
Мы с тобой – не люди? Пешки?
Мы – не в счёт? За нас решают?
Все надежды, как насмешки,
Тают...
Как же хочется проснуться,
Отряхнуться от зловонья,
Свет вдохнуть, чтоб не вернуться
К войнам
Человека с человеком,
Государства с государством.
Шелуху снять острым стеком
С барства.
Стих написан. Полегчало.
Встряска. Выплеск. Выдох. Вдох.
Тишина и одеяло.
Охxxx...

*20-23.11.2023
город Алматы*

Бекболат Мұқанәліұлы

Жаңа жыл түні

Үміттен жалғандықтың амалы асқан,
Арандар армандармен жағаласқан,
Айналып қайта жетті жалған үміт
– Жаңа жыл.
Жаңармаған Қазақстан.
Жүйрік күн ұсынғанмен жалған емін,
Жүректен өшер емес жан дерегім,
Желтоқсанда жүрегім мұзға құлап,
Қаңтарда қар бетінен қан көремін.
Қара түн орын бермей таңға тұнық,
Жауыздық жүр салумен ойға құлып,
Ібілістер от бүркіп қара аспанға,
Біреу жылап, біреу жүр шырша құрып.
Әп сәтте ұмытылып күйі ғаріп,
Мынау жұрт той тойлайды есі танып,
Бокалдар, қан құйылған, сыңғырлайды,
Өзәзілдің күлкісін еске салып.
Әрленіп, шырша билеп ай астында,
Өлі нұр жарық бермей адасқанға,
Аналардың естіртпей азалы үнін,
Булыққан өксік жатыр қар астында.
Қарға сіңген ыстық қан мұзға айналып,
Базынасын айта алмай тіл байланып,
Қиянатқа көндім деп мәз болмақ ел,
«Мырзасының» көңілі бір жайланып.
Желге ұшқан, жетім шындық опа болмай,
Қасіреттен қорғанар таса болмай
Ай астында көп аруақ қалтырайды,
Аппақ қар, қара таспен лыпа болмай.

Азабын да ұмытып, таңда көрген,
Шындықтан сырт айналып көзі көрген
«Амандық, адалдық» деп сөз саптайды ел,
Жүрекке қолын қойып жауға берген.
Ұшқан ба басындағы бағы анық,
Ертегісін жалғайды дабыра қып,
Мысқылмен бір өзезіл өзіл айтса,
Жалғайды көп құл-құтан қағып алып.
Жүрекке жете алар ма жырым әсте,
Тігулі тұр жұртымның жаны бәске,
Жырламас ем жүрегім жыламаса,
Күн құлап бара жатыр іңір кешке.
Білмеймін елім қайта жаңғыра ма
Өзезіл мен, бой бермей, даңғыраға?
Жауыздықты жер жұтар жыл болса екен!
Есінді жи, Қазағым, абдырама!

31.12.2023

Атырау қаласы

Айгүл Құрманбек

Сатқындардан іштегі – мықтап сақтан!

Шың-шырғалаң, дүние – дүр айналған!
Тұманды күн, түп-түгел, құм – айналаң!
Ойың – орман, басың – тас, көзің соқыр!
Бағыт-бағдар, ол да жоқ! Сор қайнаған!
Тілім қайда? Тамырым – үнім қайда?
Салт-дәстүрім, оюлы – сырым қайда?
Қайда бәрі? Кім білген? Кім ұрлады?
Бабаларым сыйлаған күнім қайда?
Мақал-мәтел, нақыл сөз – мағыналы,
Қаным Қазақ! Соларды сағынады!
Дамып жеткен күніміз – осы болса...
Қалай? Кімге? Кім қайтіп, бағынады?!
Топ басқарсаң, етпегін Елге міндет!
Пасықтықпен бықсыды бойда індет!
Жаның Қазақ болса шын, жауап берші,
Қайдан келді, топталған өңшең жендет?
Қорадағы қойдаймыз! Ашпыз тағы!
Жетілмеді миымыз! Жаспыз әлі!
Зұлымдықты жан серік етпеген соң,
Алдауменен өлтірді! Улы зәрі!
Қиналғанда, Құдайшыл болды адам,
Құбылаға қол жайып, тұра қалам!
Амандық бер! Қинама Қазағымды!
Тоқтам берші Қаныма, су боп аққан!
Құрбандық сол! Отыз жыл жыр боп жатқан!
Түсірмесін, қайталап көрі қақпан!
Сатқындардан іштегі, мықтап сақтан!
Дүр рухыңды шалқытып барып, шаттан!

14.01.2022

Көк бөрі тектес – қазағым

Көк бөрі тектес – қазағым,
Қырандай алғыр Амалың,
Арыстан жүрек Ажарың,
Алдырмап еді қамалын.

Дария көңіл, жайсаң-ай,
Қазақы намыс найзадай!
Кінәлап тағы сындырмас,
Қазақы мінез – найзағай!

Есер мен ездi қолдаған,
Намысты таптап, қорлаған,
Жігерсіз етті, жетесіз,
Тарихта мұндай болмаған!

Топалаң тапқыр тобырлар!
Рухани кесел, обырлар!
Шайқалтып тыныш елімді,
Сілімтік, сорлы, содырлар!

Қазақ боп күлгім келеді!
Азат боп жүргім келеді!
Атилла – Еділ батырдың
Заманын сүргім келеді!

Осы да айып болып па?
Өлтіріп тындың! Сойып та!
Жауабын қашан бересің?
Қазағым шықты, жорыққа!

Қилы бір заман болғанда,
Жүрегі мұздап тонғанда...
Бізден – шын қорық, Адамзат!
«Әруақ!» – деп, атқа қонғанда!

08.02.2022

Алғыс

Алғыс та, алғыс айтайын,
Ашудан кері қайтайын.
Қаңтарда болған қырғыннан,
Өзгеріс бар ма? Байқайын.
Ақтық пен қара айқасқан,
Қиын да екен шайқасқан.
Екі жүз болған, шелпек бет,
Алыста емес, ойнастан!
Қолдаған болсаң – алғыс ал!
Қорлаған болсаң – қарғыс ал!
Шырмауық орап, шырмалып,
Шырғалаң ойда, қаңғып қал!
Күннің де шығып, батқаны,
Тарылып ауа жатқаны,
Елімнің жаңа жарасы,
Жүрекке ауыр соққаны!
Қазағым, саған – мың алғыс!
Қазалым, оған – тағы алғыс!
Жапа шеккен бауырлар,
Сіздерге тағы, бұл алғыс!
Қанымыз – түркі, жүз алғыс!
Сүтіміз – қазақ, дүр алғыс!
Бабамыз – ата әулие!
Дұғада болсаң – шын алғыс!
Ақ сәлем бердік, халайық!
Алғыстан жауһар алайық!
Еңселі рухым биіктеп,
Батадан – бақыт табайық.

28.02.2022

‘Соғыс отын тұтайпақ па қоғамда?’

Бұдан өткен сорақылық болар ма?
Қолдап жүрсе обырларды, оңар ма?
Жығып берсе аяғының астына,
Қазақ елде Тәуелсіз ел, солар ма?

Ұлтжанды азаматты қамаған,
Мемлекеті ұлтын ұрып, сабаған,
Санасы ояу азаматтар түрмеде,
Өзге ұлтын қорғаштайсың жазадан...

Бағынбайды айдауыңа қазағым,
Жетер енді, жасап жатқан мазағың.
Жат ел заңы керек емес біздерге,
Әділдіктің жоқтығынан азамын...

Заңдарыңды бұрып алып, батырсың,
«Саясат» деп етек түрер қатынсың!
Тағдырларын тәлкек етіп халықтың,
Қазағыңды – тұлып қылып жатырсың!

Түркістан қаласы

Фарит Ишмухаметов

* * *

Я пахал как муравей,
Жизнь хотел как у людей.
Дом построить,
Джип купить,
Кучу деток народить.
Но воровская наша власть
Может только врать да красть.
Хоть работай, застарайся,
Всё равно одна напасть.
Не случилось. Не сбылось.
Не свершилось. Не срослось.
У меня до этой власти – политическая злость.

город Семей

Яскар Мархабаев

* * *

От рассвета до заката
Стрекотанье автомата,
Флаг на крыше акимата,
Чуть приспущенный, повис.
Весь от копоти он чёрный,
Позабывтый, беспризорный
И на город непокорный
Он взирает сверху вниз.

Очевидец всех событий,
Схваток и кровопролитий,
Напряжённых перипетий,
Возмущений и обид,
Видел он, как били, гнули,
Как народ гудел, как улей,
Кто убит шальною пулей,
Кто намеренно убит.

И под грохот злых ристалищ
Думал он в дыму пожарищ –
Кто же враг, а кто товарищ
Вдруг восставшего раба?
Где виновный, где невинный?
Для кого нужны руины?
Кто же вы – народ единый
Или каждый за себя?

12.01.2022

* * *

Стрельба, сирены, кровь из ран,
То тут, то там пожар,
Дым удушающий, туман
И крики «Қашпаңдар!».
Стоят прислужники хапуг
С приказом убивать,
Чтобы сплетенье сотен рук
Навеки разорвать.
В толпу безжалостно палят –
Убит один, другой,
Упал, сражѐнный, на асфальт
Со знаменем герой...
Народ разогнан.
Смыта кровь.
И снова как бы мир.
Трусливый мент наденет вновь
Свой спрятанный мундир.
Он людям смелость не простит,
Раздавит сапогом,
За свой позор народу мстит
Горячим утюгом.
Но только бьются всё слышней
Свободные сердца –
Дух храбрецов всегда сильней
Мертвящего свинца.
И ни расстрелом, ни кнутом
Их волю не сломить –
Кто не желает быть рабом,
Того не покорить.

*13.01.2022
город Актобе*

Ксения Рогожникова

Қаңтар

Прислушиваемся к хлопкам
в Новом году.
Уже не петарды.
Светошумовые гранаты.
Неработающие светофоры.
Толпа идущая
по проезжей части.
Смерть
на улицах города.
Крупницы новостей
через телефонные звонки.
Скупой алматинский
талончик на интернет.
Вспомнили про телевизор.
Восьмилетняя дочь
записывает в дневник
«У нас идёт война.
Мы сидим дома,
но в магазине рядом
уже есть хлеб
и картошка»...

город Алматы

Асылбек Жаңбырбай

Қазақ қырған

Желтоқсан, қаңтар, ақпан – үш қаралы ай,
Қазаққа қырғын салып қыс барады-ай...
Жан баққан жанкешті елді лаңкес деді,
Халыққа айып тақты күстаналай.

Табылар ту түбінен ақырған кек,
Байқасаң, атылғаннан сатылған көп.
«Жиырма мың террористің» бірі – менмін,
Қамаңдар, төңкеріске шақырған деп.

Бақытты-ау бізден гөрі жаман қарға,
Жазықсыз қырылған жоқ алаңдарда.
Қалса да қар астында төгілген қан,
Шындықты тапталпаймын табандарға!

Қалдырман құрбан болып өлгенді ұмыт,
Ақиқат тұрады ертең көрден күліп.
Сәбидің ақ маңдайын тескен оқты
Тағып жүр нән кеуделер «орден» қылып.

Кешкенбіз қанды жолда түрлі азапты,
Жендеттер жоймақ болған бұл қазақты,
Үш жүз жыл ойран қылды қызыл сүргін,
Отыз жыл айналдырды құлға азатты.

Тарихым – зар қақсаған, мазақ тұнған,
Қорлық пен құқай көрген «ғажап нұрдан».
Биліктің сөзі – «Жаңа Қазақстан»,
Тақта отыр ескі жүйе – қазақ қырған...

Ақтау қаласы

Мұратхан Кенжеханұлы

Өскемен II

Мақтап, даттап саналарды сауыс қып,
Желтоқсанды жырлай-жырлай тауыстық.
Қаңтар, өне – жылдық астың жарысы,
Жетім – жесір жоқтау айтқан дауыс қып.

Желтоқсанда таяқ жедім «өзгеден»,
Ол жарамды өзім жазам. Сөз берем.
Қаңтар, сенің қансоқтаңа не дауа?!
Қарауылға өз бауырын көздеген...

Ақ матадай қанға шылап арымды,
Тепкіледік Олжас, Мерей, Дарынды.
Кімге барып мұң шағасың, кейуана?
Кімге барып ақтарасың зарыңды?!

Желтоқсанда қазақ қашан бас иді?!
(Осы қаңтар өр рухыма тас үйді).
Бір жесірдің омырауы шымырлап,
Бір жетімнің кеңсірігі ашиды.

Уа, Сәбира бақыттысың сен, неткен?!
Желтоқсанда тамам қазақ тербеткен.
Қаңтардағы қанын жуған қара Ертіс
Бауырыңды таба алмадық жер-көктен.

Ей, бауырым саңылау болса санаңда,
Жоламаңдар Абай тұрған алаңға.
Бейуаз жұрттың көз жасымен шөл басқан,
Қандықолдың кылмысты ізі бар онда.

Ақтық үнді ақтармай – ақ ақпанға,
Тәуелсіздік – тұра берсін бақ қолда.
Қазақ осы қыс келгенде оянып,
Жылнамасын қанмен жазған ақ қарға..

Өскемен қаласы

Ержан Ашим

* * *

Остыл вулканический пепел.
Убийца Вулкана, нутужась,
Несёт нам эпический лепет
Про двадцатитысячный ужас.

И даже велел в честь Вулкана
Поставить гранитные плиты.
Поклон от «Жана Казахстана»:
Вулкан, мы теперь с тобой квиты.

Но где имена наших граждан,
Которые были убиты?
Вулкана душа жила в каждом.
Молчат примайданные плиты.

А где имена полицаев,
Пытавших людей, как бандиты,
Свободу, закон отрицая?
Молчат примайданные плиты.

А где имена властократов,
Чьи лица так тщательно скрыты,
Руливших толпой геростратов?
Молчат примайданные плиты.

Вопросы к интеллектуалам:
Ну что же вы, – лебедь, рак, щука, –
Разбросаны все по подвалам
Аккаунтов и групп Фейсбука?

И каждый в своей колокольне
Бьёт в колокол, в гневе, с испуга,
Шахтёром, прикованным к штольне.
Но слышите ли вы друг друга?

Земля наша – это не глянец! –
Настолько богата ресурсно,
Что может любой казахстанец
Жить счастливо, стильно и вкусно.

Казахи мои, в чём же дело?
Вы не были кулами¹ ставок.
Когда же вы сбросите с тела
Прожорливых мерзких пиявок?

К корням обратимся народным:
Народ наш – микс этнопубликций
Из тех – кто, решив быть свободным,
Не смог, и не стал пресмыкаться.

В тридцатых двадцатого, жарких,
В эпоху репрессий и страхов
Убили всех смелых и ярких,
Не всех, так миллионы казахов.

Остались рвачи и подонки,
Лгуны, стукачи, пустозвоны.
И рулят сейчас их потомки,
Не все, так, считай, миллионы.

¹ Кул – раб (каз./тюрк.).

Но только не надо под танки
Бросаться, поддавшись призыву.
Теперь-то вам ясно, что пранки
Такие подводят к обрыву?

Не надо искать черный ящик
В ночи. Ваша мощь непростая, –
Не в липовом, а в настоящем,
Открытом для всех Курултае.

Для нас Желтоксан – это символ,
А Жанаозен – дело чести.
Кантар – знак того, что мы сила
Тогда, если только МЫ ВМЕСТЕ.

город Алматы

Ернур Хамитов

* * *

Қап, қазағым, қазағым,
Қаңтар күні қанадың.
Бір-біріңе қол жұмсап,
Жетім қалды жандарың.

Желтоқсан желі жылатқан,
Сол күніңді тойлатқан,
Ақылға кірмес шешімді
Мәжбүрлеп, мойындатқан.

Сыртқы жаудан қорықпаған,
Өзін-өзі жылатқан,
Азапқа тарттың ұлыңды,
Тойла қара тойыңды...

Қазақ деген – бауырмал,
Қазақ деген – қайырымды,
Қазақ деген – зиялы
Қайда оның барлығы...

Жылайын десем, еркекпін,
Шығайын десем, есекпін.
Ауыр жүкті көтеріп,
Тамағын ғана ойлайтын...

13.02.2022

* * *

Сәби періште Айкөркем, жаным – ау!
Кешірші бізді- қорқақ халықты
Сені қорлаған билік ағасы,
Сені өлтірген үнсіз надандар.
Онбайды ешқашан ауызы қанаған
Сәби жандармен құрбан шалыңған
Іні – бауырын азаптап қиңаған...
Оңбайды, оңбайды, оңбайды ешқашан...

Алматы қаласы

Нұрболат Асхатбекұлы

Менің туған інім Бекболат Асхатбекұлын (25.04.1991)
07.01.2022 күні полицейлер күндізгі сағат 12.30-да Алматы
қаласы Желтоқсан көшесімен Тимирязева көшелерінің
қилысында кетіп бара жатқан жерінен жазықсыз атып өлтірді!

Қанды қаңтар

Қаралы қаңтар, қайғылы қаңтар, Қанды қаңтар...
Еңіреген, боздаған, зарлы қаңтар.
Ақиқаттың ақ туын көтердің деп,
Оғын атты сыртыңнан аңдыған шал.

Қайран қазақ, жан қидың, өкінбедің,
Жау келсе де соғыстың өтінде едің.
Жау емес, өз қазағын өзі қырған,
Безбұйрек өгей ұлды өсірген кім?!!

Өтті-кетті содан бері өзенде су,
Ажал құшты бұрымды қызбен Есіл ұл.
Ұмытпаймыз өтсе дағы сан ғасырлар,
Төгілген қанды көрмегендейотыра беру
Соқыр, мылқау, керендердің болмысы бұл

Аңшы шалдың қансонары түлкілі,
Ұмыттырып сауық-сайран күлкіні.
Баласынан айырылған аналар,
Әкесінен жетім қалды балалар.

Қанға бөккен тоймады ма құлқыны...
Қанды қаңтар қиылғандар қыршыны,
Ашылады көп ұзамай шын сыры.
Қанмен жазған қазағымның тариқы,
Қанды қолдар жауап береді
Бір күні...

25.12.2023

* * *

Бауырым, сені атқан жерде мен тұрмын,
Қанды көше Қаңтардағы көркің мұң.
Сапарыңа асықтың ба соншалық,
Желтоқсанмен желдей есіп, желпіндің.
Келе жаттың, ештеңе жоқ ойыңда,
Қарауытқан сұп-сұрқия бейпіл күн.
Қанішердің бұйырығы
Аямастан ат деді,
Қанды қолы күздеген
Сені осы жерде өлтірді!!!

2022 ж., шілде айы

Монолог

марқұм інім Бекболат Асхатбекұлы атынан

Мені не үшін, кім айтты?

31 жас өмірімнің өлшемі,
Неге қысқа, неге сонша келте еді?
Жарық дүние қызық еді пендеңе,
Өлім құшу – өмірімнің ертеңі.
31 жас, қимай барам мен сені,
Қиылса да жалған ғұмыр желкені,
Жақсы атағым қалса екен артымда,
Жақындарым жүру үшін еңселі.

Қапияда үзілді ме от демім,
Көз алдымнан сырғып ақты өткенім.
30 жылдай өмір сүрдім ендеше,
31 дің көре алмадым көктемін...

Жақсылармен, жаманмен де достастым,
Аш жүріп те тойып кейде, тоқ бастым.
Жалған өмір бәрінен де айырып,
Ойланбастан бірақ күнде қоштастым.

Анам қалды аңыраған артымда,
Әкем қалды еңіреген қалпында.
Ағаларым, бауырларым, жеңгелер,
Сенбейді әлі, келер ме деп, барсың ба?

Кеттім мейлі, артымда із, алдым жар,
Күтіп алар бұрын кеткен Марқұмдар
Жаннат бағы жайнап тұрса екен деп,
Тілейтұғын тірі жүрген халқым бар.

Ұмытылар, бәрі өтер сан жылдар,
Кеуіп кетер қаңтардағы қанды ызғар,
Бірақ, бірақ мені атқан қанішер
Көз жасына тірілердің қалдыңдар.

ҚАНДЫ ҚАҢТАР, қанды ызғар,
Қарға қанмен жаздыңдар.
Отызымды ойрандап,
Оқ аттыңдар, азғындар!!!
Кешірмейді өлілер,
Кешірмейді тірілер,
Қанға батып қалдыңдар.
Тұншықтырады сол қанға
Көкіректегі зар-мұңдар.
Мәңгі сүйем қазағымды, елімді,
Бесік еттім қасиетті жерімді.
Өз қазағын жер бетіне қимаған,
Қандықолды сыйлаған,
Болашаққа тапсырамын кегімді!

Тәуелсіздік, қош аман бол, құрдасым,
Қанымыз тек қайратыңды шыңдасын.
Боздақтарың оққа ұшпасын тасада,
Арулардың сырғасы да сынбасын.

Атар талай таңымызда шуақты,
Сұм ажалдың сұр мергені құлатты.
Жауабы да арттағы елге аманат,
О, дүниеге алып кеттім бір сұрақ.
Мені не үшін?
Кім атты?

... Деп сұраса аруақтар таңғалма,
ҚАҢТАР үшін жауап берер жан барма?
Өлі айтса да, тірі айтса да бәрібір,
Ақиқатты адастырмас жалғанға.

20.01.2022

Тағы тұрмын қабіріңді сипалап

Сен жатырсың, қара жерді тұмшалап,
Сағынышым сарғаяды күн санап
Сезесің бе, жанардан жас домалап,
Тағы тұрмын қабіріңді сипалап.

Қиын екен – орыны толмас бауырдың,
Дей алмаймын, сен кеткелі, тәуірмін.
Қаңтар келсе қаңтарылып қалатын,
Жарасы мол, жазылмайтын ауыр күн.

Сұм ажал-ай, басын жарып бақыттың,
Құрығынан құтылады қашып кім?
Ойда жоқта ойран болған дүние-ай,
Сенде кеттің, ерте кеттің, асықтың.

Орны толмас орның ғана жоқталар,
Кімге айтсаң да, мейлі биге, сотқа бар,
Жер бетінде ақиқаттың жоқтығын,
О, дүниеге алып кеттің хош хабар.

О, дүниеге алып кеттің хош хабар,
Ол жақтағы жақсы-жаман дос болар,
Жер бетіне сиғызбаған пендеңді,
Жаратқаным, өзің силап, ақтап ал.

Жарқynom- ау жарқын жүзің жалынды,
Қайсарлығың, қуатың еді қарымды,
Тірлігінде артық кетсем кешіргін,
Пенделікпен бағаламай барыңды.

Сері жігіт құрып талай серілік,
Ақбоз мініп арулармен кезігіп.

Арманыңа жете алмадың, амал не,
Қағып кетті кезбесі оқ, кері үміт.

Сыйласқанды тұрушы едің ағалап,
Досың түгіл, дұшпаның да ғаламат,
Сен кеткелі, ізін салмай ұмытты,
Сол достарың сәлемі жоқ, О, ғажап!

Ұмыту – ол басқаларға заңдылық,
Кеттің бірақ жақыныңды зар қылып.
Қаңтар оғы атқаны үшін, сенің де,
Ел есінен кетпейтінің мәңгілік.

Арамдықтың адалдықты жеңгенін
Дәлелі боп үзілді ме сол демің,
Қара жерге сені тастап, бауырым,
Бірақ, бірақ есіміңді көмбедім...

Бірақ, бірақ есіміңді көмбедім,
Ақиқаттың қаруы да сол дедім,
Жауап берер ардың соты алдында,
Көкке ұшып кетпесендер жердегің.

Құшағына ап, үнсіз қалды қара жер,
Күңіреніп, көңіл айтып барады ел.
Жалған өмір баяны жоқ, бауырым,
Мәңгі мекен жұмағыңа бара бер...

09.01.2024

Алматы қаласы

Тульнара Әлипова

Моему народу

Тебя облили грязью, ты стерпел.
Тебя морили голодом, ты выжил.
Сынов твоих забрали на расстрел.
Ты боль души лишь добротой возвысил.
Чужое горе сердцем смог принять,
Раскинув широко свои объятия.
Ты знаешь, кто бы ни были они,
Теперь они навеки твои братья.
Но что случилось вдруг с твоей душой?
Ты предаёшь, что раньше было свято.
Ты славимь роскошь, деньги и обман.
Честь и достоинство твои, ох, как примяты...
Что случилось с нашим домом? Что теперь?
Где чистота твоей души? Где святость?
Проснись же, мой народ, очнись!
Скинь блеф, тебе он не к лицу!
Очисти себя от скверны и проклятий!

День траура

Покойный день. День тишины.
День памяти ушедших навсегда...
Совсем мальчишек, не узнавших жизнь,
сразила черная стрела...
И видео последнее на телефоне:
«Мам, пап, я вас люблю! Сегодня мы умрём...»
Навеки рассекли сердца беда и горе!

Без вас придёт весна, за этим чёрным днем...
Мальчишки, спите, вы теперь для всех – герои.
С такими – наш народ непобедим!

10.01.2022

Любимому городу

Мой мирный город, ты разграблен и разрушен,
Горят машины, офисы, дома,
Убиты люди, горе плавит души,
В беде моя любимая земля!

Но кто посмел отдать приказ убийцам?
Кто правил балом, кто его вершил?
Ответит время на мои вопросы,
Ответят все, кто это совершил!

Рассудит время

Зарево огня и звуки взрывов
Содрогнули новый день страны,
Шок и горе испытали люди
От разгула чёрной сатаны!

И такой момент родит Героев,
Для которых честь – не просто звук.
На защиту своего народа встали,
Слыша лишь тревожный сердца стук.

Но высвечивает пламя трусов
И найдет предателей страны,
Что отдали город мародерам
И бежали, пряча головы в штаны.

Все рассудит время, мы узнаем,
Кто желал убить мою страну.
Сила власти – в голосе народа
И в единстве, в мире без войны.

‘Страна, не бойся все открыть нам лица!

Все обезличено, и в этом вся беда,
А надо – лишь озвучить имена.
Народу надо знать своих «героев»,
Всех поименно, назови, страна!
Страна, не бойся все открыть нам лица,
Кому указан путь к позорному столбу,
Пусть жизнь откроет новую страницу,
где места нет раздору, лжи и кумовству.
Пусть канут в Лету имена и лица,
предавших свой народ, свою страну!

‘Начало января – қаңтар

Взорвался мир и лопнула струна,
Надежды в одночасье оборвались,
Повергло в шок начало Января...
Над нами будто снова надругались

Народ простой, поверил и восстал,
С надеждой вопрошая к власти
Но им был уготован лишь Қаңтар,
Попали люди, словно рыба, в снасти.

Они погибли: дети, старики...
Стервятники слетелись на работу,
Бал-маскарад устроили в крови,
В одеждах черных вышли на охоту

Зачем все было это, для чего?
Узнаем позже, время все раскроет!
Но очень верить хочется в одно,
Что все не зря на свете происходит...

город Алматы

Әннәс Ғағдаһ

Алаң

Іздер қызыл қырау басқан,
Тазалап жүр оны
бұйрық алған әлдебіреулер.
Бір қолында билік,
Бір қолында күн болса да,
Өшіре алар емес
Іздерді қызыл қырау басқан.

Алаң ол біздің көкірегіміз,
Құса мен өксікке толы,
Өксіп, өксіп жанжараға айналған –
Қызыл қырау басқан іздер.
Көкірегімізді қариды Қаңтар,
Үнсіз айғай,
Үнсіз жоқтау ғана жібітер оны,
Аза тұтқанда
Алақанымызды көкірекке басып.
Іздер қызыл қырау басқан.

Алматы қаласы

Файзулла Төлтай

Көккөңбек қабырғалар

...Біреу сағаттан соң,
Ван Гогтың «Тұтқындар» картинасындағыдай
қабырғалары көккөңбек
камераны айналып жүре бастадық,
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп келе жатқан
Аяқ киім даусынан қорқып.
Көккөңбек қабырғалар –
көк туды есімізге салады;
Ақорда төрінде ілініп тұрғанын емес,
алаңда желбірегенін
есімізге салады көккөңбек қабырғалар.
Біз бейне сол туды жамылып
Алаңда көз жұмған
адамның мәйіті басында
айналып жүрген
әруақтар секілдіміз –
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп,
Аяқ киім даусы жақындап келеді.

Қанша айналғанымыз есімізде жоқ,
Көздерімізді төменге қадап,
Шөккен таулардың шоқыларын басып,
Айды мойнымызға іліп,
Ту жамылған әруақтар секілді
Айнала беріппіз,
Айнала беріппіз,
Айнала беріппіз –
Ортамызда марқұмның рухына ұқсап,
Бейне бір біз отырған камераның торындай

Қамшының ізіне қамалған
Көкмойнақтың тұрғанын да елемей.
Біз оны сәл бұрын
Көрші камерадан әкеп тастаған
тұтқын деп ойладық:
Оның кісінегені мен
тұтқынның шыңғырған үнін ажырата алар емеспіз.
Көкмойнақ кісінейді,
Тұтқын шыңғырады,
Көкмойнақ шыңғырады,
Тұтқын кісінейді.
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп,
Аяқ киім даусы жақындап келеді.

Көккөңбек қабырғалар
Аяқ киім даусы жақындаған сайын
Көк ту болудан қалып,
Иірімді суға айнала бастайды.
Біз бейне көк тудың құшағында
Суға батып бара жатқандаймыз.
Күн де аспанда емес,
Қыран да аспанда емес,
Суға батып бара жатқандай бәрі.
Көрші камерадағы азаптан,
Көшедегі атылған оқтан,
Көкмойнақты қалайша
аман ап қалуға болады?
Қалайша тірі алып қалуға болады,
Ту түстес қабірдің ішінен?
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп,
Аяқ киім даусы жақындап келеді.
Біз сонда соңғы үмітімізбен
суға батып бара жатқан күнді
Көкмойнақтың тұяғына септік,

Қыранның қанатын бердік.
Самға енді, Көкмойнақ!
Сенің алтын тұяғың бар,
Алып қанатың бар,
Сен енді еркінсің, Көкмойнақ!
Қалықта төменге қарамай!
Сәлден соң,
Ту түстес қабірді су басады.
Біздің өлігіміз судың бетіне ісіп шығады
Сәлден соң,
Көк тудың бетіне қалқып шығады біздің өлігіміз.
Қанымыз – күнге,
Сүйегіміз – қыранға,
Қамшының ізі – оюға айналады, Көкмойнақ.
Күні ертең қиялымыздағы жерұйықта
Болашақ бізді ту ғып желбірететін болады,
Көкмойнақ.
Болашақ сенімен жүйткитін болады, Көкмойнақ.
Қалықта төменге қарамай!
Қалықта!
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп,
Аяқ киім даусы жақындап келеді...
«Тоқ...».
«Тоқ...».
«Тоқ...».

**«Қаңтар қырғынына» байланысты
«Азаттық Радиосының» жиналысында**

...көпке дейін басымызды жоғары
көтере алмай отырдық,
жоғары жақтан үмітімізді үзгеніміз соншалық,
ендігі жоғарының бар екеніне күмәнмен
қарайтын секілдіміз:

тек қана көзімізді төмен салуға қауқарымыз жетеді,
тарихтың өзі көтере алмайтын
кеудеміздегі ауыр қасіреттен
еңсеміз езіліп, еңкейе береміз –
бүгінге бөтен қап-қара түнекке құлдилап,
қарманар бірде бір ой таппай,
оянғымыз келетін тарихтың шейіттеріне
тап боламыз еңкейген сайын:
барлығы «Мәңгілік елдің» босағасында бас құрап отыр,
орталарына сынған шаңырақтың мүрдесін алып.

Ол шаңырақты төбелерінен кімнің езіп
сындырғанын айтарға үніміз шықпайды,
ажалды бөлісе алмағанымыз үшін де
оларға ұрлана қараймыз,
жер басып тұрғанымызбен өзімізді
тірі деп айтуға аузымыз бармай:

біз бейне «Мәңгілік елдегі» шейіттер мазары
секілді үн-түнсіз қатып қалғандай едік,
қанаған айдың мөрі басылып,
көз жасымыз көктасқа эпитафия болып жазылған...

Тейертопиялық өлең

Мемлекеттік арналарда шұғыл хабар:
«Демонстранттар Назарбаев көшесімен Республика
алаңына бет алды.
Шамамен 10 мыңға жуық.
Күштік құрылымдар төтеп бере алар емес».

Бұл әбден қаналып,
Езілген парламентарияның ең соңғы амалы.
Олар ең соңғы рет көшеде өз құқықтарын талап етіп жүр,
Өр түрлі плакаттарға ұрандарын жазып:

«ОТАН – БИЛІК»
«ХАЛЫҚ – ЛАҢКЕС»
«ӘДІЛЕТ – ҚЫЛМЫС»

Мемлекеттік арналарда шұғыл хабар:
«Демонстранттар Республика алаңында.
Шамамен 20 мыңға жуық.
Талаптары «Жаңа Қазақстан» құру».

Енді олар арандатушыларға еріп кетпесе игі еді.
Игі еді ешкім ұрандарының қате екенін айтып қоймаса.
Әйтпесе молалар қашып кетуі мүмкін,
Олардың өздеріне қарай жүгіріп келе жатқанын көріп

Алматы қаласы

Алмагүл Қасенқызы

* * *

Второе января – обычный день.
Все как всегда, без перемен уж тридцать лет...
Вдруг новость встал Жанаозен!
Надежды будущего яркий свет!
Он встал добавив духа нам
Сквозь страх и боль пережитых событий...
Надежда пробежала по сердцам.
Адайцы- это сила! Согласитесь!
И следом вышли сёла, города,
Весь Казахстан горел огнем надежд!
Вот тут и струсили из «Форбса» «господа»,
Ускорив забугорный переезд!

Душа кипела, пела и плясала
И гордость затмевала разум наш!
Потоки граждан только возростали
И в воздухе витал кураж!
Но, вновь насквозь, продажные титушки
Залили грязью, кровью всю страну.
Продали родину за побрякушки,
Устроив гражданам своим войну!
И где же двадцать тысяч террористов?
Их достаете спешно из могил?
Кто верит вам, убогие фашисты?

Доказываете «правду» из последних сил?
Вы не заткнете больше наши рты,
Пугайте, продолжайте нас пытаться,
Закручивайте посильней болты,
От правды все равно не убежать!

А правда наша такова:
Устал народ от лжи и лизоблюдства,
От елбасизма и от воровства,
От кумовства, коррупции распутства...

* * *

В моей душе незаживающая рана...
Кровавые события тому виной...
Со всех сторон волной обмана
И соцсетей, и ленты новостей.
Кто скажет правду? Где ее искать?
Иль не искать, а лишь смириться.
Но как же сердцу перестать переживать?
Иль остаётся внушать себе «мне это только снится»?
Сию секунду правды не узнать...
Все в жизни противоречиво,
Ведь нынче же можно лгать и лгать
И выглядеть благочестиво...

* * *

Ну, здравствуй, Новый Казахстан,
Разрушенные улицы и здания!
И Алматы родная без румян,
Былого лоска лишь воспоминания.
Красивый город, с чистой душой
Залили грязью, кровью, истоптали
И мародерскую стопой
Наживу лёгкую искали.
Нашли ли? Ну, и как живётся вам,
Воры, убийцы, мародеры?
Как после этого вы спите по ночам?
Своей страны предатели и изуверы...
Нам нужно вынести урок
Чтоб дальше жить в спокойном мире

Ведь нас спасет лишь диалог,
А не убийства и стрельба как в тире!
Я не хочу политики касаться
И рассуждать, кто прав, кто виноват.
Но нужно человеком оставаться,
Не проливая кровь простых ребят.
И слезы их родителей, что будут эхом
Тех дней, прискорбных страшных дней...
Когда быка тащили на потеху
И Алматы горела от огней...
Поднимется с колен наш славный город,
Отстроят здания и выложат брусчатку,
Но ночью лишь задернув шторы
На сердце будем зашивать заплатки...

06.01.2022

* * *

Нацист... фашист... и террорист...
Вдруг стали частыми словами.
Звучат они как звонкий хлыст
Красноречивыми устами.
Уста те – грязная помойка!
Что мозг наш моют каждый день,
Лавируют сознанием бойко,
Поверьте! Это им не лень!
У них иная в жизни цель:
Разрушить наше лишь сознание,
А мы съедаем «карамель»,
Лишь прозревая с опозданием...

20.01.2022
город Алматы

Халелхан Адилханов

* * *

Аналардың ары үшін,
Бауырлардың қаны үшін
Маңдайынан оқ тиген
Періште сәби бала үшін
Алаңға шық, ағайын,
Солардан жаның артық па?
Қаңтардың қасап қырғыны ай,
Куәсің оған бір құдай.
Тарихта қанмен жазылып,
Қалатын болды бұл күн ай
Атаңа нәлет қалмақтың
Тоймады қанға құлқұны ай,
Сәбилерді атқан мергендер,
Құдай сендерді қарғасын.
Бала шағаң жетім қап,
Қатындарың зарласын.
Қиналып, өлер шағыңда
Қасыңда ешкім қалмасын.
Қайрылып, тапсын сендерді
Қазақты атқан қорғасын.
Патша боп жүрген кәрі иттер,
Ұл қыздарың зарласын,
Қамайтұғын сендерді
Түрмеде орын қалмасын.
Тырнаққа ине жүгіртіп
Беттін тіліп, қорласын.
Үтік басып арқаңа,
Отырғызып қазыққа,
Сендерді қинап, зорласын.

Алматы қаласы

Вадим Дергачёв

#стихидляреволюции – цикл был написан в январе 2022 года, первые тексты датируются 6 января.

1. О чем ты думаешь во время революции?
2. В революцию люди обычно перестают бриться
3. Искусственный интеллект во время революции...
4. Психически нездоровый человек...
5. Январь библиотекаря
6. Колыбельная для города
7. Увлекательная охота на Ведьм
8. В городе могут убить просто так...
9. Когда ты устанешь от моей руки на твоём бедре...
10. Они стали говорить, что ничего не было, Аэлига

1. О чем ты думаешь во время революции?

О том, что у тебя осталось мало тех,
за кого ты переживаешь, Все твои с тобой.
Старший сын сам о себе
Сообщает,
С отцом обозначились поздравлениями на Новый год,
С ним все в порядке.
Странно видеть в мессенджерах горящий акимат,
Мимо которого ты каждый день гулял с коляской,
Как будто это не в твоём городе
Горит сейчас.
Во время революции нужно находиться
В её эпицентре,
Как это уже было много много раньше,
Или находится подальше от нее.

Революция придет сама,
Только ей придется
Перебрасывать себя через степь
Вагоны, пространства, вагоны
Перегоны, солнце, снег, степь
Машина скорой помощи на переезде,
Шлагбаум закрыт,
Солнце, солнце в снегу
Отражается огромное солнце
Катится по железнодорожным путям
Катится к нам всем, в гости
На беш, на холодную водку,
На киргизский коньяк.
На радость, на счастье,
На снег, заметающий двор
Постковидного госпиталя,
Ехать и ехать в машинах по трассам
к закрытым твоим городам,
Съедая твои пространства и запивая
Водой твоих водоемов.
Ох, горькая моя,
Ослепленная, вбитая в наст,
От дорог расстилающаяся в две стороны, как пророчество,
Нескончаемая, нескончаемая
Земля.

6 января 2022

2. В революцию люди обычно перестают бриться

В революцию люди обычно
Перестают бриться.
Жгут костры на площади
Ходят от костра к костру
И не знают кому
Принадлежит победа.
И тут приходит свежесбритый троцкий
В белоснежной рубашке
(Где, где он ее взял
Во время революции)
И забирает все.

6 января 2022

3. Искусственный интеллект во время революции...

Искусственный интеллект
Во время революции
Становится снобом:
«Опять мамбеты вышли на площадь»,
Грабят и убивают простых богатых горожан.
Размежевание происходит
По нескольким стратам.
Язык – главный водораздел,
Большой красивый красный язык лежит на площади,
Течет по улицам,
Забирается в бизнес-центры
Дотягивается до телебашни

И, говорят, дважды захватывал аэропорт.
Язык – новая реальность,
Новое знамя и смысл,
Язык проникает везде
И говорит головами президента
И членов Мажилиса
Из телевизора,
Разговаривает голосами
Повстанцев на проспекте
И лезет везде,
Во все возможные щели.

6 января 2022

4. Психически нездоровый человек...

Психически нездоровый человек
Входит в детскую больницу
И зайдя в палату
Пугает девочку,
Которая и так заикается.
Заведующая отделением
Находит его, но не может сразу уговорить его выйти,
Уводит девочку к себе,
А за ним приезжают,
Через некоторое время, люди
Из психо-неврологического диспансера
К девочке прибегает ее мама
И пытаюсь успокоить,
Плачет.
Я бы попытался что-то сказать,
о моем разбомбленном городе,
Самом красивом городе в стране, и о тех,

кто завел в мой город моджахедов,
Но зачем?
Вот вам история с девочкой,
И этим человеком,
Почему в детское отделение
Можно зайти просто с улицы?
Почему у заведующей в кабинете стоят такие старые
сапоги, а на ней порванные больничные тапки?
И почему она лечит детей в больнице, с сиротскими
одеялами, и задирающимся Линолеумом?
Почему она их лечит
И вылечивает
Белое солнце катится через снег, через степь,
через тебя, через меня, через детей в больнице.
Доброе белое солнце в морозной степи.

*Карагандинская область,
9 января 2022*

5. Январь библиотекаря

Январь,
Не осень патриарха,
Ни весна заречных улиц,
Жёсткий календарь
Не позволяет
Вспрянуть ото сна.
И на обломках нечего писать,
Обломки разлетелись далеко
Лягушек вскипятили в молоке
И поздно уже дуть на молоко.
Пока ещё хоть чем-нибудь горим,
Пока ещё хоть кто-нибудь нам брат

Давай ещё возьмём и посвятим
Тебе надежду нашу, дипломат.
Не знаю где, но все таки найди
Ты мужество, хоть это не легко
А ты, библиотекарь, уходи,
Как можно дальше, очень далеко.

10 января 2020

6. Колыбельная для города

Я подержу тебя за руку,
Чтобы ты поспала, ты поддержи меня за руку, чтобы я поспал.
Выключи свет, на свет прилетает тоска.
Нужно поспать.
Всех невинных разобрали уже ангелы по облакам –
Павших с обеих сторон примет господь
В сердце своем,
А захваченных в плен – отпусти фараон.
Всем
Нужно поспать.

15 января 2022

7. Увлека́тельная охота́ на ведьм

Мы подъехали к стадиону Астана Арена. А ветры в Астане такие, что наш хюндай стало раскачивать, словно лодочку, и когда я вышел из машины, то меня порывом ветра бросило на стеклянные двери стадиона, а все-таки в Астане я весил около ста килограммов (в Астане нужно хорошо

питаться, иначе замёрзнешь, это в Алматы можно ничего не есть толком, кроме кофе) – посмотрел бы я на вас, кстати, в Астане, когда бы вы с вашим кофе... А, ну да, так Вот, и меня бросило на двери, а там люди внутри, заинтересованно за мной наблюдали, потому как нам там нужно было ещё концерт провести.

Вот к чему я это все?

Да. Зачем он нас всех заставил жить в Астане? Там же ветер, и холодно. Сатрап? Сатрап.

В Астане, когда работаешь много (а там все много работают) нужно раз в неделю париться в бане, зимой. А зима там всегда. Поэтому ты всегда там паришься в бане.

Там трудно только первые три года, а потом в три часа ночи, после концерта, ты выходишь из ресторана полупьяный (а попробуйте быть полностью пьяным, на морозе, в минус 40, не получится) ты выходишь полупьяный, один, на огромном проспекте, рядом с рестораном, величиной с хороший замок (меньше там, почему-то, не строят) и запрокинув голову смотришь на небо и видишь то, что ты не видел никогда в жизни, потому что это – Степное небо.

И дело даже не в том, что ты сейчас пил шампанское с Лагутенко, а он клеился к твоей жене...

Дело в том, что это такая особенная жизнь, больше она не выпадает.

А сатрап – да, сатрап конечно, а как же.

12 января 2022

8. В городе могут убить просто так...

В городе могут убить просто так
А зачем ты пошел за хлебом?
А зачем ты родился мужчиной?
А зачем ты родилась женщиной и стояла у окна?
А зачем они поехали мимо площади, за лекарствами?
Они что, не знали, что это опасно?
А зачем он пошел с ними протестовать?
Он же знал, чем это может закончиться?
А зачем он снимал на телефон,
А зачем он был журналистом?
Он хотел разобраться, что происходит,
А зачем?
Вот, кто не хотел ни в чем разбираться – тех не убили,
Тех, кто не выходил за ворота – тех не убили.
Тех, кто не лез, куда не надо – тех не убили.
А этих – убили.
Просто так никого не убили,
Тех, кто не выходил гулять –
Тех не убили.
Что вам, мало?
Смерть совсем не похожа на любовь,
В морге люди не занимаются сексом,
В страхе нет ничего жизнеутверждающего.
Жизни нет.
В мертвых жизни нет,
В них нет никакой жизни,
Потому что их убили,
А они не думали, а они не верили, а они не хотели.
А их убили
Просто.

13 января 2022

**9. Когда ты устанешь от моей руки
на твоём бедре...**

Когда ты устанешь
От моей руки
На твоём бедре,
Не убирай ее-
Просто отруби.
Мы все застряли
В этом январе,
Как в янтаре,
Перед началом года,
Как посреди степи.
Ноги вытягивая из времени,
Как из снегов,
Нужно дорожку в месяцах протоптать,
Постарайся попасть в след от моих следов,
Так легче шагать.

18 января 2022

**10. Они стали говорить,
что ничего не было, Аэлита**

Они стали говорить,
Что ничего не было, Аэлита.
Что расстрела не было,
Никто не лежал на площади
До утра.
Никто не кричал.
Никто не прятался по дворам,
Чтобы забрать раненых.

Никто не бежал вниз,
От ОМОНа,
Никого вообще не было.
А если были – в них не стреляли,
А если стреляли – сами виноваты,
Но вообще никто не стрелял.
И никто не умирал от потери крови.
А над площадью парили души
С огнестрельными дырами,
Они высоко не поднимались,
Из-за тумана.
Души были,
А расстрела не было.

*9 февраля 2022
город Алматы*

Кенескуль Чингизбекова

Арнау марқұм немереме Қуатбаев Нұрсұлтанға

Халқымның бір айлығы шайлығына жетпеді.
Қымбатшылық, кредит бар. Сол алаңнан кетпеді.
Бейбіт шеру... БТР мен әскерлерге ұласты.
Оқ жаудырып, террорист деп, темір торда төпкені.

Погондылар өз Отанын, өз қаруын қорғамай.
Бәрін тастап, бас сауғалап, қашып кеткен... Ол қалай??
Отан қорғап, елін сүйіп, жала көрген батырлар
Өліп кетті. Темір торда отыр әлі, қорғанбай.

Жер астында жатырсың сен... не болғанын, білмейсің.
Жансыз бейнең, құр елесің сотталуда көнгейсің.
Қай заң, қай бап, тең келеді өлгендерге, өзіңе.
Балам, тұршы о дүниеден... сотқа неге келмейсің?

Айта берсем, бұл қаңтардың сорақылық мұңы көп
Балапаным, сені ойлаумен өтіп жатыр түні тек.
Тірі болсаң өзің бәрін... бәрін айтып берер ең.
Бір тіріліп, келіп кетші... сот болатын күні тек.

* * *

Жылағанда саған келем, Астана.
Бар мұңымды айта алмаймын басқаға.
Есіркеп мені, тыңдағандай боласың,
Сол мұңымды қолдамадың, жасқана.

Бүгін тағы сырымды айтып, жыладым,
Немеремнің ажалы ол... тола мұң
Нұрсұлтаным тірі болса өмірде,
Бұл қиынды көтерер еді шыдамым.

Шырылдап жүр апаларың ата-анаң,
Үнімізді естімейді бас қалаң.
Қару ату бұл өмірде болмаған,
Дәл осылай өз қазағым айтпаған.

Барған едім, Нұрсұлтаным сені ақтау.
Өлгенді де статьямен бар соттау.
Ана сүті ауызыңнан кепкен жоқ...
Заңсыздыққа болар ма екен бір тоқтау?

Террорист те, мародёр де емессің.
18де жансыз ғана елессің.
Жер бетіне тірі болып бір келші
Болмаса, сен террористке теңестің.

Тағы қайттым, парламентте кездесіп,
Қаңтар қорғау депутатпен жүздесіп,
Өлгендердің статьясына таңданып.
Жылы жүзбен қош айтысты сіздесіп.

* * *

Жарығым сені қатты сағындым,
Ақ параққа тағы жазам шағым-мұң,
Құлыншағым, сенен қалай айырылдым,
Сол қаңтарда жансыз болып табылды.

Жоқтап, жылау өтіп жатыр жаз-күзім,
Елес болып, өтіп кетті-ау тек жүзің,
Арманыңа жетемін деп өсіп ең
Тіркеліпсің аруақтарға бар тізім.

Нұрсұлтан деп атыңды да қойғанмын,
Таусылмайды сағынышым, бойда мұң
Періштемді кім ажалға қиды екен...
Кім айтады, кімнен білем, қайдан кім...?

Қандай қиын, нендей күйде болғаның
Оқ тигеннен қан боп жатты-ау жан-жағың
Қара суық жел де сені жауратты.
Сезіндің де өміріңнің солғанын.

Соңғы сәтте емханаға жеткізген
Үш рет тиіп оқ, қан жоғалттың тексізден
Камераға түсіп қалған тірісің
Сол көрініс кетер емес бет жүзден.

* * *

Қаңтар, сен жылда келесің,
Қадалған жүрекке шегесің,
Қайда әкеттің жастарды,
Сырыңды қайда көмесің?

Үніңді елден жасырып
Жастарды ездің басынып
Әкесіз – бала... баласыз – ана аңырап
Жәутеңдеп қалды жасығып.

Балалар қалды жетімек
Енді олар қалай жетілмек
Қаңтар, сен тағы кетесің
Тағдырлар қалды шетінеп.

* * *

Көкірегімнен үзілдің, сен бір түйме,
Қадалмастан жоғалдың, сол бір күйде,
Қабырғам да сөгілді, сен кеткелі,
Жүрегіме қадалды, мұңлы ине.

Бар әлемге симамаймын, сені жоқтап,
Сен келердей күтемін, кейде тоқтап,

Келмесіңді біледі сұм жүрегім,
Мұңлы қаңтар – тайғанақ, жолы соқпақ.

Көктем кетті. Жаз өтті. Күз де бітті,
Ойымдасың, миымда, күнде тіпті,
Малға шапқан қасқыр да беттей алмай.
Аттап, үзіп кетпеген ала жіпті.

* * *

Бүгін бардым мазарыңның басына,
Жатырсың ғой көп мазарлар қасында,
Маусымның бұл, қорғау күні баланы,
Сені сүйіп, құшақтардай асыға.
Көрпең болып, сені сүйген топырақ,
Енді саған құран жетіп отырмақ
Амалым жоқ, жете алмаймын өзіңе,
Сағынышты көз жастарым толтырды-ақ.
«Бутоным» деп ат та қойғам өзіңе,
Тәй-тәй басып, былдыраған сөзіңе,
Он сегізде Бутон күйде үзілдің,
Қауызыңды аша да алмай кезінде.

Тараз қаласы

Ақтан Шарип

Қаңтар

Нам дали знать – всё будет так как прежде,
Расстрелами бунтующих людей,
Қантар – последний слом слепой надежды,
Клеймил народ несчётностью смертей.
Как мы посмели требовать ответов,
От группировки властвующих воров,
Взращённых на заразе соц-заветов,
Откормышей вчерашних парт-чинов?!
В который раз нам показали ясно,
Что мы для них – послушный, выучный скот,
Наивная, запуганная масса,
Озлобленный, разрозненный народ.
Лежали, остывая на асфальте,
В кровавых лужах мёртвые тела,
Естественный расход преступной власти,
Очередной урок для большинства

город Алматы

Айшекер Тоқпаева

Арнау марқұм Гарифуллин Алмас Еркенұлына

Қайғылы қаңтар сор болып келді – ау қазаққа,
Жазықсыз жандар түсті ғой қанды азапқа
Алмасым кетті, артынан еріп солардың
Қаншама жастар қыршын боп кетті – Боздақтар

Асқар таудай арманы бар еді баламның,
Көшесі қанға бөкті ғой сәнді қаламның
Күңіреніп жылап, қоштасып тұрды кең дала,
Зарлы үнімен қайғылы ата-ананың

Қаңғырған оғы қара ниет лаңкестің.
Балгын жүрегін аяусыз келіп сен тестің.
Қайғырып кетем, сағынып кетем ұлымды
Қыршында кеттің, өмірің ерте үзілді.

Алтыным едің, Алмасым
Сыймадың маңдайыма, жақсы ұлым
Анашым десе біреу, жалт қараймын.
Құлағыма келгендей сенің үнің.

Алматы қаласы

Ерлан Төлегенов

Арнау марқұм Умаров Бакытжанға, Кызылорда қаласы

Қаңды қаңтар,
Қаңды қаңтар,
Зарлы қаңтар,
Мұздай қарып өтті ғой жаңды қаңтар.
Несіне жасырайын, бұрмалайын,
Есімде қасіретпен қалды қаңтар.

Жан-жарым, асыл жарым, азаматым,
Жүректе қалар сенің ғазал атың.
Шаңырағым шайқалып қала берді,
Орта жолда сүрініп қазанатым.

Кім атты,
Кім оқ атты,
Кім бұйырды,
Айтайын кімге барып бұл күйімді.
Жан бар ма ашып айтар болған жәйді,
Неге аузына бәрінің құм құйылды.

Кім атты, кім бұйырды, кім біледі?
Сан сұрақ мазалайды бүгін мені.
Неге қазақ жазықсыз сотталады,
Ажалы жетпей неге көміледі?

Өлген жоқ.
Ол кеткен-ді
Сапарға алыс,
Біз деген төрт балаға ата-анамыз.
Келеді. Келеді ертең, қарада тұр,
Біздерге әлі талай айтар аңыз.

Бір үміт. Мың күдікпен алысады,
Өмір-өзен ағуда ағысы әлі.
Екі жүрек дәл бүгін айырылғанмен,
Білемін бір күндері қауышады.

Атырау қаласы

Әділбек Ыбырайымұлы

Қазанама...

Бүгін туған жиенім Серіктің қырқы өтті...

Басшылық қып ұры мен суайт елге,
Шығарған соң террорды құдай төрге.
Қарауылға ілінді қыршын тағдыр,
Ермек болып, еріккен снайперге.

Ұңғы-ажалы қадалған бір кісіге,
Есеп беріп жатпайды мүлде ісіне.
Сұғын салып оң көздің снайперші,
Үңіледі жасудай дүрбісіне.

Үрей, өлім ірке алмай жұрт байқұсты,
Бар қазақтың намысын жыртты, айтысты...
Қарауылдың ұшында қалт-қалт етіп,
Сәл жүгіріп, нысана мұрттай ұшты.

Сұқ саусағы тайынбай шүріппе басқан,
Күңіреніп, көз жасын іріккен Аспан.
Өңешінен нәр қалай өтеді екен,
Адам атып, ақы алып, ішкен астан.

Адамзатқа құшағын ашқан Алаш,
Біздің тірлік бай менен басқаға оғаш.
Қыл тағдырдың ұшында шырыл қағып,
Жетім қалды күшіктер аш-жалаңаш.

Көкке сауды емшегін азалы ана,
Көше менен қалада қаза... нала...

Жүрегіме көшіріп қазақ елін,
Құдай саған, жазамын қазанама.

Жаралы жұрт ажалдан жасқанбайды,
Жетім-жесір –
Ел барда аш қалмайды.
Құлағанмен жер құшып азаматтар,
Қазақ туы жығылмай аспандайды.

*19.02.2022 жыл
Астана қаласы*

Анар Аққозы

Хроники Қаңтара

Жаңаөзен опять восстал!
Сначала за газ по «50»,
Затем за наши права!
Алматы, Атырау, Семей –
весь прогрессивный народ его поддержал,
Поднимается весь Казахстан!
Новый год начался горячо, как вулкан!
Атқа, қазақтар! Алға, тең алға, қазақтар!

03.01.2022

* * *

Тридцать лет нас шал дурил,
за это по лбу получил!
«Шал, кет! Шал, кет!», – народ кричит.
Таков наш лозунг много лет!

04.01.2022

* * *

Мрак. Туман. Беспросвет.
Глушат нам интернет!
Мобильной связи тоже нет.
Телефонного права в КЗ нет на нет!!!

05.01.2022

* * *

Сбросили памятник шала!
На площади Талды-Қоргана!
Слава! Слава! Слава!
Слава не шалу-шакалу.
Смелым джигитам слава!
Слава славному Славе
и жителям Талдықоргана,
уронившим статую шала-тирана!
Круг позора устроившим шалу,
вокруг ёлки возившим, всем давно надоевшего шала!
Вдохновившим всех нас –
Славных жителей Казахстана!

06.01.2022

* * *

С нами Правда! Нас миллионы!
Наш народ справедлив стопудово!
Не судите камазиста!
Он ведь площадь вам почистил!

09.01.2022

* * *

Пришёл на смерти, на крови.
Ушёл на смерти, на крови.
Да кто же ты такой, скажи?
Ты столько бед народу учинил!
Страну, народ ограбил, госказну опустошил.
Ты дьявол или человек? Скажи.
Ответь за всё! Ответ сполна держи.
И всё, что своровал у нас – народа, поскорей верни.

19.01.2022

* * *

Как люто «любит» власть народ,
То водомётами в мороз «купает»,
Слезоточивым газом орошает,
Резиновые пули в нас мечет, устрашает,
Гранаты светозумовые в нас бросает,
Дубинками детишек расшалившихся «ласкает»!
Все средства хороши, чтоб усмирить
разбушевавшийся народ!
Пусть приказ «стрелять на поражение
без предупрежденья» отдаёт!
Всё это страх, агрессия и злоба!
Дрожи и бойся, мол, меня, народ!
Вот так до дури боится власть народ!
Каждая пуля, сразившая мирных и безоружных людей,
рикошетом попала в меня!
Сердце стонет, болит и бушует
в эти мрачные, серые дни.
Стреляли в людей!
Убивали наши мечты, убивали бездушно людей!
Сердце в крови.
Улицы в лужах крови невинных людей!
Сердце Родины – наш Алматы – весь в огне
и горячей крови!
Где Справедливость?
О, Құдайым!
Скажи мне, скажи...

19.01.2022

* * *

Все эти дни Душа не на месте,
Крыльями бьётся в окна из клетки,
Мечется барсом раненым в клетке.
Бьют нас по спинам чёрные плети,
Жгут утюгами в клочья нам сердце,
Иглы садистов вонзаются в ногти...
Всевышний, спаси нас! Ведь мы – твои дети!
Всем помоги, кого заперли в клетки!
Всех исцели, кого ранили в сердце!
Разные раны, увечья и смерти...
Кровавые раны – МЫ ВСЕ искалечены.
Эгрегор народа – страдает и мечется!
Ранен народ в самое СЕРДЦЕ!
Спаси наш народ от смертельного смерча!
Ранен народ в Душу и в Сердце!
Свечи-костры горят каждый вечер...
Молитвы мои прими, о, Всевидящий!
Молитвы мои неистово искренние!

21.01.2022

Қанды Қаңтар. 2022 – 2024

Қанды Қаңтар – коварный и кровопролитный год...
Что за дикие зверства испытал мой любимый Народ?!
Сначала клещами душили, права ущемляли,
а затем, подавляя протесты, в мирных
и безоружных граждан гранаты кидали!
Стреляли! Снайперы подло стреляли!
И в толпе провокаторы исподтишка
в спины людям стреляли!
Силовики всех без разбора хватали и в тюрьмы бросали,

Раненых по больницам искали,
С коек больничных срывали, дубинками били и гнали –
в тюрьмы сгоняли,
Утюгами задержанным кожу жгли, под ногти иглы втыкали!
Электро-шокерами глушили!
Пинками, угрозами смерти признания в «терроризме»
из них выбивали,
Пытки людей не только калечили, но убивали.
Но палачам и этого было мало!
Они глумились над трупами и эксгумировали...
Безответных покойных кромсали.
Куда извлечённые пули потом исчезали?
А многие мирные люди пропали. Бесследно пропали...
Адвокатов, родных и друзей к задержанным в клетки
в те жестокие дни не пускали,
Права на звонок и Права на Жизнь им не давали.
Хуже фашистов для нас в те промозгло-суровые дни
полицейские стали!
Сворой подлых и кровожадных шакалов себя проявили.
Через страшные пытки казахи прошли
или там же погибли,
но не сдались и не сломались! Друзей не сдавали!
Верой в Счастье народа эти жуткие пытки и муки прошли
непокорные братья и сёстры. Выстояли.

1.05.2022

* * *

За что в народ стреляли?!
Стреляли! В сердце нашей Родины стреляли!
Народ, в тебя, в твоих детей стреляли!
А значит, в сердца всех наших матерей
безжалостно стреляли,
В пенсионеров безоружных и в детей стреляли!
Безумство, подлость – беззащитных, безоружных убивать!
Но в них стреляли!!!
Им в головы целенаправленно все снайперы
наёмные стреляли!
За что?! За что?! За что убийцы мирных,
безоружных граждан убивали?!
Какие варвары приказы эти солдафонам отдавали?!
За что в людей стреляли???
За что их Права жить лишали?!
Все наши конституционные права попрали, растоптали!
И это в типо светском государстве?
В XXI просвещённом веке! В людей стреляли!!!
За что в любимый и родной народ стреляли?!

* * *

За то, чтобы народ уже, в конце концов, прозрел,
Святою кровь невинных стала...
Кровавому террору укором и
Проклятьем материнским стала...
Пусть капля крови той, как кость,
как ком в их злобных глотках встанет.
А мы – НАРОД – всё помним. Не простим.
Прощения не будет никому за смертный грех.

город Алматы

Сәлім Өтен

* * *

Қазақстаным!
Бір Ел болатыныңа сенемін!
Аталарымыз –
Моде хан,
Еділ хан – Атилла,
Шыңғыс хан,
Жошы хан,
Бату хан,
Әмір Ақсақ Темір,
Тұрхан ханым – Томирис,

Жұнғарларды жеңген
Абұлхайыр хан,
Империяға берілмеген
Кеңесары хан,
Сырым,
Исатай,
Махамбет
Орысқа қарсы көтерілген,
Амангелді
Өткен ғасырдың 16-да

Орысты жеңген,
Алашордалықтар орысқа
Қазақ жерінің
Бір құлашын бермеген.
Міне, осындай
Ұл мен қызын
Әлемге қазақ әкелген!
Сенемін, қазағым,

Екі Елге бөлінбейсын,
Әлемге күлкіге болмайсың!
Қазақ атаның
«Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алады» дегенін
Сенемін, сен болдырмайсың!
Қазақ Елін
Ұрылардың,
Жемқорлардың
Жебірлердің
Билігінде қалдырмайсың!

Астана қаласы

Қуанышбек Өмірбекұлы

Мен сені сүйемін, Отаным

Сен мені сабама!
Қамама!
Басқа ұрма!
Сен маған қарама,
Тоқпын ба?
Ашпын ба?!
Жыртылған көк көйлек,
Көк-көңбек көз жасым
Мөлтендеп ағады көк тудың астында.

* * *

Сағындым көк тауды,
Көк белді,
Өзенді,
Ал, бүгін мендегі ой өлді,
Сөз өлді...!
Кеуденді сен көкке көтерме, бауырым-
Көк тудың астында көк мылтық кезеулі...

* * *

Хан ием,
Хан ием,
Көк-көңбек сақалы,
Мені өртеп барады нұрыңның шапағы...
Қатындар,
жатындар,
тумаңдар сәбиді,
Шеруге шықпаңдар,
Шекеңнен атады...

* * *

Бой созған халқым-ау
Биікке,
Асқарға,
Тарихын қашаған тауларға,
Тастарға!
Көк туді айналып ұшып жүр көп құзғын...
Көк туді айналып ұшіп жүр көк қарға...

* * *

Аузыма түскенше ақ бұйра сақалым –
Өшкенше
Біткенше
Даңқыммен атағым-
Мен сені сүйемін бейшара қалпыммен –
Бейшара Отаным...!!!

Алматы қаласы

Алихан Махаш

* * *

Айқай. Үрей. Плакат...
Өз даусынан әрең тұрған әріптер,
адамдар, сәбилер аштықтан жылаған.
Төменде
жарықсыз көліктер, өліктер үйілген
тайғанақ асфальт үстіне.
Қара қанаттылар шыққан жоқ үйінен, Sir Hitchcock!
Зәресін ұшырып жіберер...
Майысқақ бұтақтың басында өлілер тілегі
өркениет орындап бере алмас.
Қаланың ішінде қарғаның жүрегі қап-қара бояуға боялған,
ақ түс тек ғана ақшаның бетінде.
Бұл маңда ежелгі режиссёрлар оянған
ақ-қара әйнектен тесіле қарайтын.
«Қызыл» кигендер бұл маңнан кетіңдер...
Мұражай сыртында еркіндік шеруі,
(НАН үшін бәрі де)
Нұрлы ескерткіш айқайдан оянған секілді,
жүз жылдық жалғыздық осымен біте ме?!
Қызыл қар, қызыл гүл көретін түсінде
Қаңтар соңында
Кешкі жаңалықтар эфирде:
Айқай. Үрей. Плакат...

* * *

Ол ұйқысынан оянып кетті,
шошып,
шөлдеп, еріні кезеріп,
әлдене есіне түскендей,
өртеніп өзегі,
кенет айқайлағысы келді,
әлемді көтеріп басына,
қызылды көкке бояғысы келді,
іздерде жосыған,
ол менің бостандығым еді,
сәби бостандық,
қаңтардың қарына
есімі жазылған,
жолына шашылып үміт мен күдіктер,
бөгеген ор біткен мылтықпен қазылған,
менің бала бостандығым,
сенің даусыңнан
қала көз ілмеді,
мен ұйықтай алмадым...

Еділбек Дүйсен

Ұйқысырау II

Мұның бәрі де әу баста қиялда құрылған.
Қаһармандар мен жеңдеттердің саны,
Ереуілдер мен үндеулердің ақыры,
Ресми ақпараттардың мәтіні,
Оған деген менің болжалды жиіркенішім.
Мұның бәрі де әу баста қиялда тұрғызылған.

Олар қиял қамалы қирамауы үшін,
Өткен көпірлерін өртеп отырды,
«Төккен көз жасы» мен «шеккен азабын» айтты,
Күнәға баладық.
«Күнә да құдайлық» деді.

(Мұның бәрі де әу баста қиялда құрылған).
Ескі [Жаңа] Өзен көшелерінде де,
Аспан тамып тұратын Алматыда да,
Қазақ болып өмір сүру мүмкін емес секілді.
Тек, алдымызда күтеді бізді-
Үстіне өрмекшілер тор құрып үлгерген қалың тұман.

Алматы қаласы

Сүндем Сейітов

Қаңтар жыры

Жыладым мен де, жыладың сен де сол күні,
Жаныңа батып, қаңтардың сонау қорлығы.
Айрық айында қабырғасы қарс айырылған,
Ертеңгі күні «жылайрық» дейді ел бұны.

Әлі де менің көңілімде титтей қылау бар,
Мазалай берді «Жаңа Қазақстан» дейтін ұрандар.
Ей, тірі құрбым, дұғаңды жаса сол күні,
Дәмете келген әруақтарың да бір аунар...

Көздерден ащы тұрғаныменен жас ағып,
Шаш ал дегеннің орнына олар бас алып,
Өкіріп жатып, шыңғырып жатып түрмеде,
Жаңа Қазақстанды жасадық!

Ержігіт сол күн құшақтап тұрып ғашығын,
Бойжеткен сол күн аялап тұрып асылын.
Кемпір-шал сонда қырылған елді көрді де,
«Астапыралла, обал-ай» деді жасырын.

Обалы кімге? Осы еді бізге жетпеген,
Қаңтарды енді шілдеден бетер жек көрем.
«Айналайын» деп айтатын жұрт қой, жазған-ау,
Айналма жолда айналып қана кеткен ел...

* * *

Қаңғыған жебе емес-ау,
Аңдыған жебе секілді.
Көзіме түскен елес-ау,
Елестер өлген секілді...

Көрерге көзім соқыр боп,
Жеберге әруақ жоғалғыр.
Омыртқамды кеп опырды оқ,
Жүрекке мәңгі қамалғыр.

Өз басындағы аз бағы,
Бомбадан қашты талайдың.
Сақалы түсе жаздады,
Мүсінге айналған Абайдың.

Өлерміз сәтті күтіп тек,
Бұған да жаным, сене біл.
Көйлегім тұрсам үтіктеп,
Үтіктепті ғой мені өмір.

Шілдесі келер бұл қыстың,
Ақпанға бір ай қалғанда...
Ашуы шықты ілбістің,
Қаңтар кеп атой салғанда.

Қаңғыған жебе емес-ау,
Аңдыған жебе секілді.
Алаңда өлген елес-ау,
Сол елес – қазақ секілді...

Назарбаев көшесі

Қыл арқанын іле сала мойынға,
Ұрпақ өлді тәуелсіздік тойында.
Базарлайық деп шыққан жұрт жер құшты,
Назарбаев көшесінің бойында.

Ширек ғасыр ішінде өлген шыдамы,
Жылауды естен шығарған ел жылады.
Өз басына би болған бір қиқымның,
Ескірмей-ақ, ескерткіші құлады.

Атилласы сол болғандай қазақтың,
Қолмен жасап жеті атасын азаптың.
Ширек ғасыр иректелген сорлы жұрт
Ләззатын сезе алмады ғажаптың.

Ғажап деген – бейбіт өмір, сорлы рух.
Және өмірді сүре білу оңдырып.
Бар сенімім өтірікке құрбан боп,
Жүрегімнің ернеуінен толды үміт.

Айғайым мен атойымды салып кеп,
Солыңқы жүз, солғын тамақ, солық бет
Аярларды аямаймын деп едім,
Тарихымды қарсы қойды алып кеп.

Қыл арқанын салған сәтте мойынға,
Қасиетті тәуелсіздік тойында,
Құдай бізді құтқарады азаптан,
Назарбаев көшесінің бойында.

Алматы қаласы

Жұмаш Кенебай-Көкбөрі

* * *

Айкөркемдер қанын қазақ кешпейді!
Құл-құтандар - ұлт жағына көшпейді...
2022 жылғы Қанды Қаңтар қырғыны
Қазақ барда ұлт жадынан өшпейді!..
Жала жапқыш тағы не деп оттады?
Ол жалаға олар неге тоқтады?
«Әуежайды басып алмақ!» деген сол
Айыппенен БЕС ҚАЗАҚТЫ соттады!
Жалақорлар - осыменен тоқтай ма?
Қайран ұрпақ жоғалтқанын жоқтай ма?
Бес қазақты соттағандар бұл жолы –
Келешекте бар қазақты соттай ма?
Қазақ жолы - ойлы-қырлы еңіс пе,
Қазағыма мал қалмапты-ау өрісте...
Соттағандар Төрт жігіт пен Бір қызды –
Жеттік дей ме, шыныменен Жеңіске?
Сонда кімнің ит ниеті тарылды?
Зәрлі сөздер – шығарардай жаныңды...
Төрт жігіттің ортасында ӘЙГЕРІМ –
Қайтпас-қайсар өрлігімен танылды!
Кім бар екен ақтарылар ағынан,
Көп болды өзі соры кімнің бағынан?
Бір жағынан өзі бізге әріптес,
Екен тағы қаламдастар жағынан...
Не қорлыққа көніп келдім, көнем бе,
Жел сөздерге еріп келдім, ерем бе?
Бас-аяғы БЕС ҚАЗАҚТЫҢ жасына
«Әуежайды басып алмақ...» деген бе?
Қайран қазақ – жасық па әлде асқақ па?
«Ауыздарын жап! – деген кім, – қақсат па!?»

Бұлар мына ісіменен қазақтың
Шыныменен соңғы мысын баспақ па?
Шыққыр көзім – тағы сұмдық көре ме?
Ит қорлыққа көніп келді, көне ме?
Бұл шындықты мойындағысы келмейтін
Сонда оларды, Қазақ деуге келе ме?
...Қазақ тартқан қызыл қырғын әлегін,
Сан естіген сұм заманның әуенін,
...1986 жылғы ЖЕЛТОҚСАННЫҢ әйгілі
Не сұмдығын мен де көрген жан едім.
Көрдің ұлтым, көп пе әлі көрерің,
Қалды ма өзі бұл жалғанда сенерің?
Сол Желтоқсан турасында «Зобалаң»
Атты дастан жазған тағы мен едім.
Сол жылдары от боп жанған арманы,
Біледі оны Желтоқсандар тарланы,
Ол «Зобалаң» «Азаттықтың» толқынын
Бәрі есімде, қаншама жыл шарлады.
Қазағыма жақсы күндер армандай,
Бықсып, күйіп, ішімде шоқ қалғандай...
Осы жолы сотын көріп «БЕСЕУДІҢ»
Болдым кенет есім ауып қалғандай.
Бұл заманда: басбұзар кім, есер кім?
Алдын алар жан бар ма өзі кеселдің?
Хатын оқып, өскен ұрпақ «БЕСЕУДІҢ...»,
О, сұмдық-ай, «СОТЫН КӨРДІ ЕЛ БЕСЕУДІҢ»!
Нұр тайғандай жарқыраған жұлдыздан,
О, сұмдық-ай, мына ыстықта күн қызған –
Кім айтады Ақиқатын ШЫНДЫҚТЫҢ –
Сескенген кім, ТӨРТ ЖІГІТ ПЕН БІР ҚЫЗДАН?!

*Алматы қаласы
15.07.2023*

Бекзат Азилханов

Махамбет пен Исатай боп айтамыз дат!

Осы күні Қазақ ояу, көзі ашық,
Ертеңіне уайымдап, ұйқы қашып.
Қасқыр бабам алып қалған байтақ жерге,
Аю менен айдаһар жүр аузын ашып.

Қастарына қорқауларды жинап алып,
Билікте маймылдар жүр басын қасып.
Тірсегінен қыйып кеткен бөлтірікше,
Қазағым осы күнде жатыр жасып.

Рамазанда ораза ұстап қара халық,
Жемқорлар жүр ұрлап жеп аузы сасып.
Халықтың несібесін ұрлап-тонап
Жер байлығын сатып жатыр, шетел асып.

Тапқанын жеткізе алмай кедей жүрсе,
Дүмшелер жүр тоқал алып, шалқып тасып.
«Судың да сұрауы бар», – деген Құдай
Жазасын берер әлі, көзден шұқып басып.

Ниеттерің қабыл болсын, ағайындар
Сауап болсын амалымыз, айтамыз Дат!
Алланың әмірі мен таққа отырған
Тоқаев Кемелұлы Қасымжомарт.

Бақ пен бабы додада қыза шапқан,
Жаңаға жол бастаған ол да бір қарт.
Жаңадан Қазақстан құрам десең,
Билікті жемқорлардан жаппай тазарт!

Халқыңның қалаулысы болу үшін
Адалдықпен халқыңның сенімін арт!
Қазағыңа енді өзің қамқоршы бол,
Отыз жыл алдап құртқан жоңғар мен сарт!

Ертеңі үшін алаңдаған алаңдағы,
Зындандағы ұл-қызыңды қолыңмен тарт!
Ұрпағы үшін салып кеткен ата жолды
Адаспай жүріп өту сіз-бізге шарт!

Қаңтарда істі болған тентектерің
Абақтыдан өзіңізге жолдайды хат.
Денсаулық пен рухымыз сыр берсе де,
Махамбет пен Исатай боп айтамыз дат!

*Семей қаласы,
Ораза айында Өскемен
түрмесінде шыққан өлең*

Мазмұны

Алғы сөз	3
Айбек Калмағанбетов	5
Арман Курманғалиев	10
Венера Жанбаева	12
Мерхат Шәріпжан	14
Рахат Қосбармақ	17
Дина Алдабергенова	26
Бекболат Мұқанәліұлы	29
Айгүл Құрманбек	31
Фарит Ишмухаметов	35
Аскар Мархабаев	36
Ксения Рогожникова	38
Асылбек Жаңбырбай	39
Мұратхан Кенжеханұлы	40
Ержан Ашим	41
Ернур Хамитов	44
Нұрболат Асхатбекұлы	46
Гульнара Алипова	52
Әннәс Бағдат	56
Файзулла Төлтай	57
Алмагүл Қасенқызы	62
Халелхан Адилханов	65
Вадим Дергачёв	66
Кенескуль Чингизбекова	76
Актан Шарип	80
Айшекер Тоқпаева	81
Ерлан Төлегенов	82
Әділбек Ыбырайымұлы	83
Анар Аққозы	85
Сәлім Өтен	91
Қуанышбек Өмірбекұлы	93
Алихан Махаш	95
Еділбек Дүйсен	97
Сүндет Сейітов	98
Жұмаш Кенебай-Көкбөрі	101
Бекзат Азилханов	103

Ескертпелер үшін

Ескертпелер үшін

ЖАҢАРМАҒАН ОТАНЫМ

Редакторы *Ф.Х. Әженова*
Беттеген *Б.А. Төреғожина*
Мұқабадағы сурет авторы
Құралай Мейірбекова

Басылымға қол қойылды 09.09.2024.
Формат 60x84^{1/16}, Оффсеттік қағаз. «Arial» гарнитурасы.
6,75 шартты б.б.Тираж 100 дана. № 5801 тапсырыс.

16+



«Издательство LEM» ЖШС басып шығарылды
050008, Алматы қ., Өуезов көш., 82, Мыңбаев көш. қ-сы, тел./факс 375-51-33.